



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҮЛЕКТЕРДЕН АҚША ЖИНАУҒА ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ



Кезекті оқу жылы аяқталуға жақын. Биыл білім ордаларын 3,9 миллионнан астам оқушы аяқтайды. Оның ішінде екі жүз он бес мыңнан астамы – 11-сынып түлектері.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

Елдің болашағы – жастар. Болашағымыз баянды болуы үшін жастар ұлттық құндылықтармен қатар жаңашылдықты да жетік меңгеріп, қоғамдағы жат мінез-құлықтан жиренө өсіп қалыптасуы тиіс. Тура жолдағы жаңашылдық ол – ғылым жолы.

ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ. ТҰЛҒА

ҚР ҰҒА академигі Ағдарбеков Төкіжан
Ағдарбекұлының туғанына 90 жыл

Біздер жас ұрпақты ғылым мен білімге бағыттай отырып, осы жолда ерекше жетістікке жеткен, ғылым мен адами құндылықтарды ұштастырған ғалымдарды дәріптеп, жастарға үлгі ретінде көрсете білуіміз қажет. Өз кезегінде шоқтығы биік, ұстанымы берік, адал еңбекпен жұмыс жасаған, көптеген шәкірт дайындаған, өзінің биік болмысымен жастардың дұрыс әрі тура жолды таңдауына себепкер болған, Ақтоғайдың тумасы, Түркістанның түлеуіне өзінің ерен еңбегін сіңірген ұстаз ғалым – Ағдарбеков Төкіжан.

Ұстаз – ұлы есім

Төкіжан Ағдарбекұлы 1938 жылы 14 қарашада Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы Қуаныш ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Ақтоғай ауданының орталығындағы мектеп-интернатты бітірген. 1956–1960 жылдары Кеңес Одағының Әскери-теңіз флотында әскери борышын өтейді.

Кез келген адамның тұлғалық қалыптасуына түрлі сыртқы әсерлердің ықпалы болатыны анық. Осындай болашаққа дұрыс бағыт-бағдар беретін, ой салатын, қалыптасудың алғашқы қабылдау қағидаларының негізін салатын бірегей жан – Ұстаз.

Ұстаз – мәні терең, мазмұны кең, ұрпақты ізгілікке, білімге тәрбиелейтін тұлға. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген ұлағатты сөз бар. Кез келген ағартушы шын мәнінде ұстаз деген асыл сөздің деңгейіне көтеріле бермейді. Ұстаздық – қайсы бір сала бойынша білім беруші ғана



емес, сол білімді адами құндылықтың биігінен көріне отырып, ұстаздық шеберліктен шәкірттердің бойына сіңіре алушы, тек аудиторияда ғана емес, жайшылықта да әрбір іс-қимылымен, адамдармен қарым-қатынас барысындағы ұстанымдарымен ортаға жан-жақты ықпал етуші тұлғаның ізгілікті қызметі.

(Жалғасы 4-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Жандос НУРҒАЗИНОВ,

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы қаласы бойынша аймақтық филиалының директоры:

«БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ»

– Жандос Бақытбекұлы, қазір елімізде экономиканы дамытуға бағытталған мемлекеттік түрлі институттар бар. Бұл бағытта өзіңіз қызмет ететін қордың негізгі қызметі қандай?

– Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамыту – экономиканың басты басымдығының бірі. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан негізгі институттар қатарында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры да бар. Бүгінде қор тек қаржылай қолдау көрсетіп қоймай, кәсіпкерлерге кеңес беру, сүйемелдеу, оқыту және жаңа жобаларды іске асыруға жол ашып отыр. Қордың негізгі мақсаты – бизнестің қаржыға қолжетімділігін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу, отандық өндірісті дамыту, өңірдегі кәсіпкерлік белсенділікті күшейту.

Қордың миссиясы – Қазақстанда микро, шағын және орта кәсіпкерліктің тұрақты дамуына кешенді әрі тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы белсенді түрде ықпал ету. Осы миссияны іске асыру аясында кәсіпкерлерді қаржылай бағдарламалармен қамту үлесін арттыру – негізгі стратегиялық міндет. Қазір бізде бірнеше қолдау құралдары жүзеге асырылуда. Олар – несиенің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, несиенің кепілдік беру, жеңілдікпен несиелеу, оқыту және кеңес беру.

Быттыр «Даму» қорының қаржылай қолдау құралдары арқылы 13 мыңдай жоба жалпы сомасы 2,2 трлн теңгеге қолдау алды. Ал жалпы жұмыс істеген жылдар ішінде 236 мың жобаға жалпы сомасы 16,7 трлн теңгеден астам қолдау көрсетілген. Осы шаралар нәтижесінде тек 2025 жылдың

өзінде – 14,6 мың жаңа жұмыс орны ашылды, 143 мың жұмыс орны сақталды, 27,7 трлн теңгенің өнімі өндірілді, бюджетке 2 трлн теңге салық түсті.

– Өзіңіз жетекшілік ететін Алматы аймақтық филиалының ахуалы қалай?

– Алматы қаласында кәсіпкерлер тарапынан сұраныс жоғары. 2025 жылдың қорытындысы бойынша несиенің жалпы сомасы 315 млрд теңгені құрайтын 1 372 жоба қолдау тапты. Айталық: сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы аясында несиенің жалпы сомасы 55,5 млрд теңге болатын 353 жоба; кепілдік беру бағдарламасы аясында несиенің жалпы сомасы 91,2 млрд теңге болатын 432 жоба; жеңілдікпен несиенің жалпы сомасы 587 кәсіпкер 168,3 млрд теңге қаржы алды. Соның ішінде 100,4 млрд теңге (31,9%) – өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға; 53 млрд теңге (16,8%) – көлік және қоймалау саласына; 37,5 млрд теңге (11,9%) – туризм саласына; 22,3 млрд теңге (7,1%) – білім беру саласына; 101,8 млрд теңге (32,3%) – өзге салаларға берілген.

– Шағын және орта бизнестің ең түйткілді мәселесі не болып отыр?

– Алматы – еліміздегі ең ірі кәсіпкерлік орталықтың бірі. Мұнда өндіріс, туризм саласында қызмет көрсету, IT және креативті индустрия салалары қарқынды дамып келеді. Бүгінде кәсіпкерлердің көпшілігі кепілдік жеткіліксіздігі мәселесіне тап болады. Мұндай жағдайда қор кепілдік беру механизмі арқылы банктер алдында кәсіпкердің жобасына кепіл бола алады.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Алматыда ерекше бизнес идеяларға мемлекеттік грант беріледі

6-БЕТ



Төлем қабілеттілігін құқықтық және заманауи реттеу тәртібі

8-БЕТ



БАТПЫРАУЫҚ

ЖОҒАРҒЫ СОТ

НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫ
СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ БІРКЕЛКІЛІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев жоғары сот органының кезекті жалпы отырысын өткізді. Оның жұмысына Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, ғалымдар, Сот өкімшілігінің, Бас прокуратурасының, мемлекеттік органдардың, адвокатураның және нотариаттық палатаның өкілдері қатысты.



Жоғарғы Сот судьясы Нұрия Сисенова отырыста ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау туралы істер бойынша нормативтік қаулының (НҚ) жобасы цифрлық ортаға бейімделген және сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге бағытталған сот қорғауының тұтас моделін қалыптастыратынын атап өтті. НҚ-да кәсіпкерлікке тән заңдардың, әрекетке қабілетсіз және қайтыс болған адамдардың құқықтарын қорғау мәселелері, сондай-ақ мәліметтерді таратқан адамды анықтау мүмкін болмайтын жағдайлар реттелді, бұл әсіресе интернет-кеңістікте өзекті. Сондай-ақ сот белгілейтін міндетті мән-жайлар нақты анықталып, сот қорғауының мәні болып табымайтын фактілер мен бағалау пайымдауларының аражігін ажыратуға, дәлелдеу ауыртпалығын тараптар арасында бөлуге ерекше назар аударылған. Шығынды, моральдық зиянды өтеу мәселелері және өтемақы мөлшерін анықтау өлшем шарттары реттелді.

Жоғарғы Сот судьясы Баян Тоқтарова



ва соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы НҚ жобасын ұсына отырып, әртүрлі кезеңде бір мәселені әртүрлі құқықтық реттеуде соттар мұраны ашу уақытына байланысты құқық нормаларын қолдануы тиіс екенін атап өтті. Құжат – мұрагерлік тәртібін түсіндіруді, оны қабылдау үшін мерзімді өткізіп алу себептерінің дәлелді тізбесін, қа-

лаған мұрагерін анықтауды, мұрада міндетті үлеске құқығы бар адамдар тобын және т. б. қамтиды. Сондай-ақ мұрагер мұра қалдырушының міндеттемелері бойынша кредитор туралы білген немесе білуге тиіс болған сәттен бастап есептелетін талап қоюдың жалпы мерзім шегінде жауап беретіні, мұраның ашылу уақыты атап өтілді.

Жоғарғы Сот судьясы Гүлнар Мергенова прокурордың қылмыстық қудалау органдарының (ҚПК-нің 106-бабы) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды соттардың қарауы туралы НҚ-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, құқық қолдануда туындайтын мәселелерді жоюға, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау деңгейін арттыруға, сотқа деген сенімді нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

2024 жылы тергеу соттарына 9 мың,

ПӘРМЕН

Сот актілерінің дер кезінде, сапалы орындалуын қамтамасыз ету – халықтың әділ төрелікке деген сенімін нығайтудың кепілі. Өз құқығын қорғау үшін сотқа жүгініп, қолына сот актісін алған азаматтар судьяның шешімі, ұйғарымы, қаулысы мен үкімі орындалмай орта жолда қалады деп ойламайды. Мұндай жағдаймен бетпе-бет келгенде азаматтардың сотқа ғана емес, жалпы мемлекеттік билікке деген көзқарасы өзгереді. Сондықтан елімізде атқарушылық өндіріске ерекше назар аударылады.

СОТ АКТИЛЕРІН
ОРЫНДАМАҒАНДАРҒА
ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ

Сот актілерін дер кезінде орындау жеке сот орындаушыларының қызметтік міндеті. Өз өндірісіне түскен атқарушылық құжатқа сот орындаушылар асқан жауаптылықпен қарайды. Себебі әр шешімнің артында адамның тағдыры, үміті тұр. Өкінішке орай азаматтардың бәрі сот шешімдерін талапқа сай орындай бермейді. Оның әртүрлі себебі бар.

Кейбір борышкерлердің материалдық, әлеуметтік мәселелері туындағандықтан, берешекті төлеуге шамасы болмайды. Жұмысынан қысқарып, кәсібі жүрмей қалған азаматтар да шарасыздықтан қарызына қарыз жамап жатады. Қаржылық тығырыққа тірелген азаматтарға жеке сот орындаушылар түсіністікпен қарайды. Берешекті дер кезінде қайтармаудың жауаптылығын түсіндірумен қатар, жеке сот орындаушылар әкімдік, мемлекеттік органдар мен кәсіп иелері бірігіп өткізетін бос орындар жәрменкесіне жұмыссыз жандардың қатысып, өзіне лайық тұрақты жұмыс табуына қол ұшын созады. Алматы облысында да мұндай жәрменкелер жиі өтіп тұрады. Осы жәрменкелер арқылы тұрақты

жұмысқа орналасып, берешегін қайтарып жатқан борышкерлер аз емес.

Десек те, сот актілерін орындамаудың салдарын біле тұра жауаптылықтан қасақана жалтаратын борышкерлердің де бар екенін ескергеніміз жөн. Мұндай азаматтар табыс көзін жасырып, мекенжайын жиі өзгертіп, меншігіндегі жылжитын, жылжымайтын мүліктерін туыстарының атына жазып берешекті төлемеудің түрлі амал-айласын жасап жатады. Түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ескерту берілгеніне қарамастан, берешегін қайтаруға ниет танытпаған азаматтарға жеке сот орындаушылар заңдық шараларды қолданады.

Сот актілерін орындау туралы қаулы шығарылғаннан кейін, борышкерге шешімді ерікті түрде орындауға мерзім берілетіні белгілі. Осы 5 күндік мерзім ішінде қарызды қайтаруға қадам жасалмаған жағдайда мәжбүрлеп орындау шаралары қолданылады. Соның ішінде жеке сот орындаушылар өз құзыретін пайдаланып мүлікті тәркілеуге, банктік шоттарды бұғаттауға, жалақы мен кірістерден қарызды ұстауға, шетелге шығуға тыйым салуға құқылы.

Борышкерлердің жеке мүлкінің жоқтығы, тұрақты табысының болмауы

2025 жылы 11 мыңнан астам шағым түскен. Бұл ретте мәні бойынша 3,7 мың шағым шешім шығарыла отырып қаралса, 1 мыңнан астамы қанағаттандырылып, 2 мыңға жуығы қанағаттандырылмай қалдырылған, 7 мыңнан астамы, қараусыз қайтарылған.

Жоғарғы Соттың
баспасөз қызметі



Абзал ДОСАЕВ,
Алматы облысы атқару округінің
жеке сот орындаушысы

немесе оны жасыруы мәселені қиындататыны рас. Соған сәйкес мәжбүрлеу шараларынан нәтиже шықпаған жағдайда борышкер әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескерген дұрыс. Себебі сот актілерін немесе атқарушылық құжаттарды орындамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабына сәйкес жеке тұлғаларға 5 АЕК мөлшерінде айыппұл не 5 тәулікке дейін қамалға алу жазасы қарастырылған. Ал сот шешімін немесе үкімін қасақана орындамағандар Қылмыстық кодекстің 430-бабына сай жауаптылыққа тартылады. Яғни, айыпты азамат сегіз жұз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылуы не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектелуі не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін.

Сот актілерін орындамағандар жауапсыз қалмайды. Сондықтан қоғамда берешекті саналы түрде қайтару мәдениетін қалыптастырсақ тиімді болар еді.

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Өркениетті елдер өздерінің жетістіктерін мемлекеттің дамуымен, азаматтардың құқықтарын қорғау көрсеткішімен өлшейді. Зайырлы елдердегі басты қағида азаматтардың қауіпсіздігі мен мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған. Ал өкімшілік әділет институты осы сенімді нығайтудың негізгі тетігі саналады. Қазақстанда сот төрелігінің төртінші буыны ретінде қалыптасқан бұл институттың қолға алынғанына биыл бес жыл болды.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ –
ӨРКЕНИЕТТІЛІК ӨЛШЕМІ

Бұл шынында да мықты идея, маңызды жоспарларға толы бес жыл. Стратегиялық алғышарттарды бағдар етіп, ұжыммен бірігіп істатылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде бүгінде әкімшілік әділет институтының мақсаты мен маңызын, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылықтарын азаматтар жан-жақты біледі, тәжірибеде тыңғылықты қолдана алады. Жаңа институттың бес жыл ішінде белгіленген межеден табылуы сауатты жоспар, сындарлы бағыт, ұжымдық бірліктің жемісі.

Мұндай нәтиже Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдап, аймақтарда әкімшілік соттарды құрумен бітпейтіні түсінікті. Жаңа соттардың сапалы жұмыс істеп кетуі қажырлы еңбекті, үйлесімді ұйымдастыру шараларын қажет етті. «Бәрін кадр шешетіндіктен», әкімшілік соттардың алғашқы құрамына судьяларды іріктеу де оңай болған жоқ. Барша жұртшылық көз тігіп отырған сала болғандықтан, әкімшілік соттарға тәжірибелі, біліктілігі жоғары, төрелік еткенде кәсіпкерлік жол бермеген, беделі мінсіз судьялар таңдалды. Бұған қоса, судьяларды жаңа салаға бейімдеп, жаңа заңнама шеңберінде төрелік жасау тәжірибесін қалыптастыру мақсатында түрлі дәрістер, семинарлар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, әкімшілік соттардың материалдық-техникалық базасын жасауға көңіл бөлінді.

Алғашқы жылдары ақпараттық түсіндіру, насихат жұмыстары ерекше назарда ұсталғаны рас. Себебі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылықтары мен жаңашылдықтарын білмесе, әкімшілік соттардың мақсаты мен жұмыс механизмінен хабары болмаса, жаңа институт қызметінің алға басуы қиын. Сондықтан судьялар мен сот қызметкерлері әкімшілік әділеттің бағыты мен негізгі басымдықтарын жан-жақты көрсетіп, халықтың құқықтық сауатын арттыру бойынша ауқымды насихат жұмыстарын жүргізді. Бұған қоса қоғамдық қабылдаулар, дөңгелек үстелдер тұрақты ұйымдастырылып, әкімшілік әділетке байланысты азаматтарды қызықтыратын сауалдарға дер кезінде жауап беріліп отырды. Бұл да әкімшілік әділет жүйесін халыққа жақын етудің бір тетігі болатын.

Осындай жанкешті жұмыстардың арқасында әкімшілік әділет институты аяғынан нық тұрды. Бүгінде істердің барлық санаттары бойынша тұрақты әкімшілік сот практикасы қалыптасты. Қарапайым халық та соттағы соны реформаның оң үрдістерін ұғынды. Әсіресе әкімшілік сот ісін жүргізу принциптері, ақшалай өндіріп алу, соттың белсенді рөлі, сот бақылауы, үздіксіз кассация, істер санаттары бойынша ұйымдардың қатысуынсыз жауапкермен татуласу мүмкіндігі, шығармашылық және қоғамдық өрістегі ашықтық ел көңілінен шыққан басымдықтар қатарында.

Жария-құқықтық даулар бойынша татуластыру рәсімдері көзделгені белгілі. Татуластыру рәсімдерін белсенді іске асыру қоғамдағы жанжалды азайтуға, мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыруға, дауды тез шешуге және азаматтардың мүдделерін қорғауға мүмкіндік берді. Әкімдіктермен, сот орындаушылармен медиация тәртібінде дауды реттеу туралы келісімдер үйреншікті жағдайға айналды.

Сондай-ақ қарапайым азаматтар мен бизнес өкілдерінің сотқа жолдаған талап қоюларының қанағаттандырылуы мемлекеттік органдар қызметінің сапасын жақсартуға, мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға ықпал еткенін айта кетуіміз керек. Бүгінде әрбір екінші сот актісі өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінген жеке тұлғалар мен бизнес өкілдерінің пайдасына шешілуде. Сонымен қатар, талаптардың орта есеппен 11%-дан астамы татуласу процедуралары арқылы түйінделіп жатқаны қуантады. Бұл сот жұмысына қозғау салатын үлкен бетбұрыс. Осындай айтулы өзгеріс әкелген әкімшілік әділет институты ел игілігіне қызмет ете береріне сенімді мол.

Алтынай БАЗАРОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

ТӨРЕЛІКТІҢ ТІРЕГІ

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Дегенмен елдің тұтас-тығын сақтап, рухани негізін нығайтатын басты құндылықтың бірі – мемлекеттік тіл. Қазақ тілі – ҚР Конституциясында бекітілген мемлекеттік тіл ғана емес, ұлттың болмысы мен төуелсіздігінің айқын белгісі. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – қоғамның барлық саласына ортақ міндет. Бұл жауапкершілік сот жүйесіне де тікелей қатысты.

Бүгінде еліміздегі сот жүйесінде мемлекеттік тілдің үлесі артып келеді. Көптеген сот процестері қазақ тілінде жүргізілуде. Бұл – қоғам сұранысына сай қалыптасқан оң үрдіс. Себебі қазақ тілінде сөйлейтін азаматтардың саны артқан сайын мемлекеттік тілде қызмет көрсетуге деген қажеттілік те күшейе түсуде. Азамат сот табалдырығын аттағанда өз ойын еркін жеткізіп, құқықтық мәселесін түсінікті тілде баяндай алуы тиіс. Ал судьяның мемлекеттік тілді еркін меңгеруі сот процесінің сапасы мен тиімділігіне оң әсер етеді.

Мемлекеттік тілде жүргізілген сот отырысы халықтың сотқа деген сенімін арттырады. Өйткені тіл – тек қатынас құралы емес, ол – түсіністік пен сенімнің негізі. Егер азамат соттағы әрбір сөзді толық түсініп отырса, қабылданған шешімнің әділдігіне де күмән келтірмейді. Бұл өз кезегінде құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Судья – заңды ғана емес, мемлекеттік мүддені де қорғайтын тұлға. Сондықтан мемлекеттік тілді құрметтеу мен қолдану судья әдебінің де бір бөлігі болуы тиіс. Қазақ тілінде сауатты сөйлеп, құқықтық терминдерді орынды қолдану – судьяның кәсіби деңгейін көрсетеді. Әсіресе жас буын заңгерлер мен судьялар үшін мемлекеттік тілді терең меңгеру маңызды міндеттердің бірі.

Соңғы жылдары сот саласында мемлекеттік тілді дамыту бағытында түрлі шаралар атқарылып келеді. Қазақ тіліндегі құқықтық құжаттар жетілдіріліп, терминологиялық база нығайтылуда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасуы қажет. Себебі мемлекеттік тілдің мәртебесі тек заңмен емес, нақты қолданыспен биіктейді.

Гүлнұр КУПИСОВА,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің бас маманы

БІЛІМ

Қазақстанда білім беру жүйесі түбегейлі өзгеріс кезеңіне қадам басты. Соңғы жылдары ел көлемінде жүзеге асып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы – жай ғана жаңа ғимарат салу бастамасы емес, бұл білім беру философиясын жаңғыртуға бағытталған стратегиялық реформа.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»: АСТАНАДА БІЛІМНІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ



Жоба аясында еліміздің түкпір-түкпірінде жаңа форматтағы заманауи мектептер бой көтеріп жатыр. Былтыр 105 мектеп пайдалануға берілсе, биыл тағы 112 білім ордасы ашылады. Нәтижесінде жарты миллионға жуық оқушы жаңа буындағы мектептерде білім алуға мүмкіндік алады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМНАН – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОРТАҒА

Соңғы жиырма жылда Қазақстанның білім беру жүйесі айтарлықтай дамығанымен, көптеген мектептердің материалдық-техникалық базасы ескіріп қалғаны жасырын емес еді. Әсіресе, цифрлық технологиялар, STEM-зертханалар, робототехника кабинеттері, заманауи спорт және шығармашылық алаңдарға деген сұраныс күшейді. Осы қажеттіліктен «Келешек мектептері» жобасы дүниеге келді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласына ерекше басымдық беріп келеді. Президенттің айтуынша, 2019 жылдан бері білім беру бюджеті үш есе ұлғайған. Осы уақыт

ішінде 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1200 мектеп ашылған. Ал «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 217 мектеп салу жоспарланған.

Бұл мектептердің ерекшелігі – тек заманауи архитектурасында емес. Мұнда білім беру кеңістігі баланың психологиялық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуына бейімделген. Ашық кеңістіктер, «тыныш аймақтар», коворкинг орталықтары, цифрлық зертханалар, робототехника кабинеттері – бәрі оқушының еркін ойлауына жағдай жасауға бағытталған.

АСТАНА ТӘЖІРИБЕСІ: ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ЖАҢА МӘДЕНИЕТІ

Астана қаласындағы демографиялық өсім білім беру инфрақұрылымына үлкен салмақ түсіріп отыр. Осыған байланысты елордада соңғы жылдары жаңа форматтағы мектептер қарқынды салынып жатыр. Астана қаласының Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтің айтуынша, соңғы үш жылда 110 мың оқушыға арналған

44 жаңа мектеп ашылған. Оның 23-і – «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерген білім ошақтары. Егер бірнеше жыл бұрын үш ауысымды мектептер мен орын тапшылығы өзекті мәселе болса, бүгінде жағдай едәуір тұрақтанды. Жаңа форматтағы мектептер дәстүрлі білім ошақтарынан екі есеге жуық үлкен. Ең бастысы – онда оқушыларға қолайлы, заманауи әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. Жаңа мектептерде робототехника кабинеттері, STEM-зертханалар, коворкинг аймақтары, бірнеше спорт залдары мен шығармашылық алаңдар қарастырылған. Бұл оқушылардың тек сапалы білім алып қана қоймай, жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ол бізбен әңгімесінде алдағы жылдары үш ауысымды оқытуды толық жою үшін 140 мыңнан астам орынға арналған тағы 60 мектептің құрылысы жоспарланғанын атап өтті. Әсіресе халық тығыз орналасқан Нұра, Есіл және Сарайшық аудандарында мектеп құрылысына басымдық беріліп жатыр екен. Астана мектептерінде халықаралық тәжірибелер де белсенді енгізілуде. Атап айтқанда, Cisco, PASCN, International Baccalaureate сияқты жобалар жүзеге асуда. Олар оқушылардың тілдік, цифрлық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар да күшейтілген. Быыл біліктілікті арттыру курстарымен қамтылған педагогтер саны екі есеге өсіп, 8 520 адамға жетті. Қасымхан Сенғазыұлы білім беру

терде STEM жобалары, цифрлық платформалар және интеллектуалды оқыту жүйелері енгізіліп жатыр. Негізгі мақсат – жасанды интеллект технологияларын оқу үдерісіне кезең-кезеңімен енгізу. Бұл оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырып, аналитикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жеке білім беру траекториясы, икемді оқыту модельдері және халықаралық бағдарламаларды кеңейту бағытындағы жұмыстар жалғасады.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Жұлдыз ҚУАНЫШҚЫЗЫ,
Астанадағы №115 мектептің директоры:

Келешек мектебі – ең алдымен баланың тұлғалық дамуына бағытталған орта. Жаңа мектептің басты айырмашылығы – теориялық білімнен практикалық дағдыға көшуінде. Бүгінгі мектепте бала тек ақпарат алушы емес. Ол – зерттеуші, жобалаушы, технологиямен жұмыс істейтін тұлға. STEM, робототехника, цифрлық технологиялар арқылы оқушының болашақ мамандықтарға бейімделуі ерте басталады. Тағы бір ерекше назар аударатын мәселе – психологиялық қауіпсіздік. Қысым мен қорқыныш бар жерде шығармашылық та, сапалы білім де дамымайды. Бала өзін қауіпсіз сезінгенде ғана еркін ойлап, қателесуден қорықпайды. Болашақ мектебінің тағы бір маңызды миссиясы – ұлттық құндылықтарды сақтаумен өзектес.

басшылық, коммуникация, зерттеушілік қабілет бірінші орынға шығады. Мектепте жүзеге асып жатқан «Мейірімді мектеп» жобасы оқушының эмоционалдық қауіпсіздігіне басымдық береді. Өзін қауіпсіз сезінген бала ғана ойын ашық айтып, белсенді бола алады. Сондықтан мектеп тек білім беретін орын емес, қолдау көрсететін орта болуы керек.

Қазіргі жүйе біртіндеп нәтижеден процеске ауысып келеді. Яғни, баланың тек бағасы емес, оның даму жолы маңызды.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ

Алма ЖҰМАБЕКОВА,
Астанадағы №101 мектептің директоры:

Бүгінде бұл мектепте 3820 оқушы білім алады. Мұнда AI және STEM кабинеттері, 4K дисплейлі AI Smart Blackboard, бұлтты деректер сақтау жүйесі және жеке цифрлық терминалдар іске қосылған. Бұрын мұғалім негізгі ақпарат көзі болса, қазір оқушы – білім үдерісінің белсенді қатысушысы. Ол зерттейді, талдайды, жобалайды. Бір анығы жасанды интеллект мұғалімді алмастыра алмайды. AI – мұғалімнің көмекшісі. Бірақ баланың эмоциясын түсініп, шабыт беретін – бәрібір ұстаз.

Біздің мектептің оқушылары халықаралық инженерлік чемпионаттарда, робототехника жарыстарында жоғары нәтиже көрсетіп жүр. RoboStars командасының Central Asia FIRST Championship 2026 додасындағы жетістіктері – соның дәлелі. Алайда технология қанша дамығанымен, мектеп ұлттық тәрбиеден ажырамауы керек деген ұстаным өзгермейді. Біз технология мен ұлттық тәрбиені қатар дамытуымыз керек. «Адал азамат», «Толық адам» қағидалары – біздің тәрбие жүйесінің өзегі.

БІЛІМНІҢ ЖАҢА ФИЛОСОФИЯСЫ

«Келешек мектептері» – бетон мен әйнектен тұрғызылған ғимараттар жиынтығы емес. Бұл – білімге деген көзқарастың өзгеруі. Жаңа мектептерде оқушыға тек пән үйретілмейді. Мұнда бала командамен жұмыс істеуді, идея ұсынуды, технологияны жауапкершілікпен пайдалануды, өз ойын қорғауды, қателесуден қорықпауды үйренеді. Ең бастысы – бұл мектептерде болашақтың азаматы қалыптасады. Сондықтан «Келешек мектептері» жобасын Қазақстанның адами капиталына салынған ең ірі инвестициялардың бірі деуге толық негіз бар.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҮЛЕКТЕРДЕН АҚША ЖИНАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оқу жылының қорытындысы бойынша 9-сыныпты үздік аяқтауға үміткерлер саны 31 мыңнан асып отырса, 11-сыныпты үздік аяқтауға 18 мың оқушы үміткер. Бұл білім ордаларында қазір 420 мыңнан астам педагог еңбек етіп жатыр.

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 217 заманауи мектеп пайдалануға берілді. Оның 84-і ауылдық елді мекендерде орналасқан. Қазіргі таңда бұл мектептерде 220 мыңнан астам оқушы білім алып, 16 мыңға жуық педагог жұмыс істеуде.

Оқу жылының аяқталуына орай 25 мамыр күні еліміздің барлық мектептерінде «Білімім – Отаным!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізіліп, оқушыларға жазғы каникул кезінде оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі таныстырылады.

Айтпақшы, биылғы Оқу-ағарту министрлігі мен жер-

гілікті атқарушы органдардың бірлескен бұйрығы мен қаулысына сәйкес мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында салтанатты іс-шараларды мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, демалыс базаларында және табиғат аясында өткізуге тыйым салынған. Ата-аналардан, заңды өкілдерден және білім алушылардан салтанатты іс-шараларға байланысты ақша жинауға, сыйлықтар мен өзге де материалдық құндылықтар талап етуге жол берілмейді. Ал аттестаттар мен дипломдарды салтанатты табыстау рәсімі тек білім беру ұйымдарының қабырғасында ұйымдастырылады.

Бірлескен бұйрық білім алушылар арасында мектеп бітіру іс-шараларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік пен қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымдарында «Заң мен тәртіп» идеологиясын нығайтуды көздейді.

Түймегүл ИБАСHEBA,
«Заң газеті»

ҚОЛДАУ

Алматы қаласы әкімдігі тұрғындардың жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруына қайтарымсыз көмек ретінде 380 мемлекеттік грант бөліп отыр. Оның көлемі 400 айлық есептік көрсеткішті немесе 1 730 000 теңгені құрайды. Оған тіркелген жұмыссыздар мен тіркелгеніне 3 жылдан аспаған жеке кәсіпкерлер өтініш бере алады.

АЛМАТЫДА ЕРЕКШЕ БИЗНЕС ИДЕЯЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ БЕРІЛЕДІ



Бұл үміткерлер келесі әлеуметтік санаттардың біріне жатуы тиіс – көпбалалы отбасылар; атаулы әлеуметтік көмек алушылар; ерекше қажеттілігі бар жандар және ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар; қандастар; қоныс аударушылар; асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар.

Үміткерлерге қойылатын міндетті талаптың бірі – «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқудан өткені туралы сертификаттың болуы. Алматыда бұл бағдарлама аясында бұған дейін 406 бастаушы кәсіпкер оқыту мен қолдау шараларын алған болатын. Енді олар үміткер ретінде бақ сынап, мемлекеттік грант қаражатын құрал-жабдықтар мен техника алуға, сондай-ақ биз-

Жаһандық ойлайтын, бірақ ұлттық тамырынан ажырамаған тұлға тәрбиелеу – мектептің басты мақсаты.

«МЕЙІРІМДІ МЕКТЕП» МОДЕЛІ

Нұртас ҚҰРМАНҒАЛИҰЛЫ,
Астанадағы №104 мектептің директоры:

«Келешек мектептері» жобасының басты ерекшелігі білім беру мәдениетінің өзгеруінде. Дәстүрлі мектепте негізгі назар пәндік білімге аударыла, келешек мектебінде сыни ойлау, көш-

лекеттік грантқа өтініш білдіруге қатысты қосымша кеңес алу үшін азаматтар Әлеуметтік қызметтер үйіне жүгіне алады. Ал грантқа өтінімді business.enbek.kz порталы арқылы беруге болады.

Еңбек мобилділігі орталығының мәліметі бойынша, былтыр Алматыда бизнес идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік грант көлемі 1 572 800 теңгені (400 АЕК) құрады. Өтінімдерді қабылдау 21 мамыр мен 3 маусым аралығында жүргізіліп, бірінші лекке 179 гранттық орын бөлінді. Онда business.enbek.kz порталына 541 өтінім түсті. Өтінімдерді қарау жөніндегі комиссия отырысы 3 маусым мен 18 маусым аралығында өтті. Комиссия шешімімен 179 грант мақұлданды. Оның 77-сі жұмыссыздар, 102-сі жеке кәсіпкерлер.

Егер бизнес-жобалардың бағыттары бойынша құрылымына қарайтын болсақ – гранттардың ең көбі тігін цехы, ателье (36); нан-тоқаш және аспаздық өнімдер (24); дайын тағамдар мен жартылай фабрикаттар өндірісі (22); балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру (17) мен мейрамхана және азық-түлік жеткізу қызметтерінде (16) грант ретінде болды. Одан кейін сұлулық салоны (шаштараз, косметологиялық қызметтер), массаж; химиялық тазалау/тазалау қызметтері (тоғыз-тоғыздан); шығармашылық (6); баспа ісі және компьютерлік қызметтер; жиһаз өндіру; сыйлық шамдар мен гипстен жасалған бұйымдар өндірісі (бес-бестен); СТО (дөңгелек жөндеу, автокөлік жөндеу қызметтері); анимациялық бейнероликтер, видеомонтаж; дәнекерлеу жұмыстары; құрылыс; грант сүт өнімдерін өндіру (төрт-төрттен) болды. Ал туризмде – 3; пластикалық терезелер, жууға арналған бетоннан жасалған бұйымдар өндірісі; медицина саласындағы қызметке бір-бір гранттан берілген.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Міне осындай асыл жандардың бірегейі – Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ең алғашқы іргетасын қалаушылардың бірі, сол кездегі Қазақстанның оңтүстік өңіріне алғаш қадам басқан заңгер ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор Төкіжан Ағдарбеков.

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Заң ғылымдары академиясының академигі, Қазақстанның оңтүстік аймағында заң мектебінің негізін қалаушы әрі Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ашылуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан алғашқы ардагердің бірі, әрі осындағы заң факультетінің тұңғыш деканы болған академик Ағдарбеков Төкіжан Ағдарбекулы бүгінде 90 жасқа толар еді.

Ұстанымы – ар мен жан тазалығы

Осыдан отыз төрт жыл бұрын әлеуметтік жағдайы төмен Түркістан қаласында халықаралық университет ашылғанда, осы оқу ордасының аяғынан тұрып кететініне үлкен күмән келтіріп, орталық газетке мақала жазып жар салғандар қатары аз болған жоқ. Бірақ киелі қаладағы оқу орнының іргесін қалауға атсалысқан алғашқы ұстаздардың қаншама қиыншылыққа төзіп, жатақханада жүріп өткен еңбегінің арқасында университеттің шаңырағы шайқалмай, керегесі кеңі берді.



қанаттандыруды өзінің борышы санаған, өмірдің қаталдығынан мұқалмаған асыл анасының қамқорлығының арқасында мектепте білім алды. Өмір қаталдығы мен тағдырдың ауырлығы болашақ ғалымды шар болаттан мықты етті.

Орта мектепті бітірген соң, әскер қатарына шақырылып, 4 жыл Әскери теңіз флотында қызмет жасады. Әскерден кейін Балқаш қаласындағы мыс-кен заводында темір кесуші болып жұмыс істейді. 1961 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, университеттің лениндік стипендиаты атанып, 1966 жылы оны үздік бітіреді. Студент кезіндегі талпыныс, білімге, ғылымға деген ізденіс, оны ғылымның алғашқы баспалдағына қиналтып шығарды. Оқу бітірісімен Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және құқық институтының кіші ғылыми қызметкері болып қабылданады. Екі жылдан кейін, яғни 1968 жылы академик С.Зимановтың жетекшілігімен Москвадағы мемлекет және құқық институтына аспирантураға түсіп, оны да үздік дипломмен аяқтап, кандидаттық диссертация қорғаған.

1971–1984 жылдары Қарағандыда Кеңестер Одағының Ішкі Істер Министрлігінің Жоғары мектебінде офицерлік шендегі доценттік қызметте болып, ССРО ІІМ-нің бұйрығымен «Ішкі Істер министрлігі саласындағы 10 жылдық еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Содан кейін Қарағанды Мемлекеттік университеті заң факультетінің кафедра меңгерушісі қызметінде болып, абыройлы жұмысы үшін сол жерден

кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. 2001 жылдан бері осы университеттің кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын Диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Осы саладағы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен профессор Төкіжан Ағдарбеков «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен наградталды. 2004 жылы ол Қазақстан Республикасы Заң ғылымдары академиясының толық мүшесі (академигі) болып қабылданды.

Шәкірттерге мәңгі үлгі

Өзі іргетасын қалаған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің қазіргі басшыларының шақыруын қабыл алып, заң факультетінің оқу сапасын төмендетпей, білікті заңгерлер дайындауға тағы да үлесін қосу үшін 2004 жылдың күзінде асыл аға ортамызға қайта оралды. Кешегі оқушылары, бүгінгі әріптестері біздердің қуанышымызда шек болмады. Балалықпен ағаның бойындағы көп тамаша қасиеттерін кезінде танып үлгермесек, біздерге жаңа мүмкіндік туды. Ағамен қатар жүріп еңбек ету біз үшін бір ғанибет болды. Ағамыз 2009 жылы Алматы қаласындағы Сүлеймен Демирел университетіне ауысып, 2019 жылы қайта Түркістанға оралып, өмірінің соңына дейін бізбен бірге қызмет етіп қатар жүрді.

Университеттің ғылыми және қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, студенттерге екі тілде дәріс беріп, олардың ғылыммен айналысуына, тәлім-тәрбие алуына ауқымды үлес қосты. Жас ғалымдар мен ұстаздар қауымына оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруде үнемі көмек көрсетіп отырды.

Тағзым

Ағамыз негізгі жұмысымен қоса аспиранттарға, ізденушілерге, магистранттарға жетекшілік етті, бірнеше ғылыми мақаланың, 5 монография, 7 оқу құралы, 4 оқулық, оның ішінде мемлекет және құқық теориясы пәнінен студенттерге арналған мемлекеттік тілдегі оқулық жазған алғашқы авторлардың бірі. Төкіжан Ағдарбеков қасиетті Түркістан топырағында білікті шәкірт тәрбиелеу ісіне қомақты үлес қосты. Бүгінде ол кісінің шәкірттерінің көпшілігі түрлі салада абыройлы қызмет атқарып жүр. 30-дан астам шәкірті кандидаттық диссертациясын қорғап, оның 7-уі осы оқу орнында ұстаз жолын жалғастырауда.

Төкіжан Ағдарбеков құқық ғылымында ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мен мемлекеттіліктің пайда болу негіздерін, оның ішінде қазақ мемлекетінің қалыптасуы турғысында құнды пікірлер мен тұжырымдар жасаған ғалым. Академик, заң ғылымдарының докторы, профессор С.Зиманов, заң ғылымының докторы, профессор С.Сартаевтай ғалымдардың назары түсіп, үміт күткен шәкірті болған Төкіжан Ағдарбеков осы үлкен міндет-мұраттарға жеткен ғалым, ұстаз, тұлға.

Үлкен еңбекқорлықпен қатар профессор Т.Ағдарбековке тән қасиеттер – кішіпейілділік, адалдық, патриотизм. Жеткен жетістіктеріне мақтанбайды, заңгер заңгер Салық Зимановтың, академик Сұлтан Сартаевтың оқушысы, сол кісілердің жолын қушы екенін мақтан тұтады. «Шәкірттерім құқықтық мемлекет құру жолында өнімді қызмет етіп жүр» деп өзін емес, шәкірттерін сырттан мақтау ғалымның қашанғы әдеті. Қызғаныш білдіріп, шенге таласу деген біздің ұстазға жат нәрсе.

Үлкен адамгершілік, сыпайы мінез, білімге деген құштарлық ағаның бойына ана сүтімен, әке күшімен, Әлімхан Ермеков сияқты ғалым нағашысынан дарыған мұра болса керек.

Отбасының, жұбайының, балалары мен немерелерінің, қызметте шәкірттері мен әріптестерінің сүйіспеншілігіне бөленген аса құрметті ағамыз Төкіжан Ағдарбековтың жалынды, белсенді де қайратты бейнесі қашанда жадымызда. Тәуелсіз еліміздің тұғырын берік, мәртебесін биік ұстайтын мамандар дайындаудағы талмай еткен еңбегін біздер мақтан тұта отырып, білім мен ізгілік нәрін сыйлаған ұлағаты ұстазымызға тағзым етеміз.

Н.БАТЫРБАЕВ,
доцент, ХҚТУ профессоры,
М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректор кеңесшісі

ҒАЛЫМ. ҰСТАЗ. ТҰЛҒА

ҚР ҰҒА академигі Ағдарбеков Төкіжан Ағдарбекулының туғанына 90 жыл

Бүгінде білім беру саласындағы жаңашылдық деп жалаулатып жүрген басым бағыттардың бірі, әрі рейтингтік деңгейге үлкен әсері бар талап – тәжірибемен тікелей ұштастырып оқыту болса, Төкіжан ағамыз сол кезде-ақ бұл тәжірибені ешкімнен сұрамай оқу процесіне ендіріп жіберген. Соның арқасында бүгінде еліміздің жоғары жауапты лауазымдарында және қай қалаға барсаңыз да құқық қорғау саласында абыроймен үлкен жауапкершілігі жоғары қызметті атқарып жүрген ХҚТУ-дың түлектерін көресіз.

Біздер университеттің заң факультетінің алғашқы түлектері профессор Төкіжан Ағдарбековтен білім алып, сол кісімен бірге қызметтес болып, қатар жүріп тәлім-тәрбие алғанымызды мақтан етеміз. Біздер ол кісіден терең білім алып қана қоймай, өнегелі өмірінен, азаматтық болмысынан және өмірлік ұстанымдары мен құнды қасиеттерінен мол тағылым жинадық.

Ұстаз аз болғандықтан болар, әрі студенттер сапалы білім алын деген ұстанымнан шығар, Төкіжан ағамыз факультет деканы бола тұра, уақыт тапшы демей негізгі пәндерден дәрістерді өзі оқыды. Сабақ көп жағдайда қазіргі Қазыбек би (Жуковский) көшесіндегі университеттің оқу ғимаратының сол кездегі ең үлкен №101 аудиториясында өтетін. Асқан шеберлікпен, жан-тәнімен кірісіп, жан-жақты салыстырып, негізгі тұжырымдарды жазғызып, арасында тәлімі терең тәрбиелік өсиеттерін айтып, аздап жиектері ағара бастаған қап-қара, қайратты шашын аялай сипап, басын тік ұстап, терең ой түбінен білім маржандарын төгіп тұратын ұстазымыздың сол кездегі ерекше бейнесі әлі көз алдымызда.

Ағамыз бүгінгі қоғамның құрты болып отырған, ел болашағының ең қауіпті дерті – жемқорлық пен паракорлыққа жаны қас еді. Ар мен жан тазалығы ол кісінің жүрегінен бастау алып, негізгі өмірлік ұстанымына айналған. Ұлы Жаратушының өзі сол бір қиын замандарда қасиетті Түркістан топырағының тазалығына үлес қоссын, руханиятын көтерсін деп асыл жанды Төкеңнің дәм-тұзын осы топырақтан бұйыртқандай! Иә, біздер солай деп ой түйеміз.

2008 жылы 7-8 қарашада Түркістан төрінде Төкеңнің 70 жылдығына арналған тағылымы мол, адами құндылықты бағалауының мәнділігін көтеретін, қоғамға дұрыс ой қалыптас-

тыратын Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Мұндай мазмұнды жиын бұрын-соңды бұл өңірде өтпеген. Жиынның материалдары 686 беттік жинақта жарық көрді. Осы жиындағы айтылған кейбір арнауларға тоқталсам.

Конференцияны сол кездегі ректор Л.Ташимов ашып беріп, жалпы қонақтарға құттықтау сөз арнады. Университеттің алғашқы ректоры М.Жұрынов терең тарихтан, университеттің алғашқы құрылу кезеңдерінен сыр шертіп, ондағы Төкеңнің еңбегінің ерекшелігін тереңнен толғады. Замандасы А.У.Ишанов: «Ерекше айтқым келіп отырғаны – ол Ағдарбеков Төкіжан туралы. Университетті құру жолындағы алғашқы кездеріміз оңай болған жоқ. Еліміздегі 1991 жылғы экономикалық және саяси өзгерістер баршамызға белгілі. Сондай заманда А.Е.Бекетов атындағы мемлекеттік университеттен заң ғылымдарының докторы, профессор Т.Ағдарбеков шақырылды. ҚарМУ басшылары ол кісіні оңайлықпен жіберген жоқ. Біздер бірнеше жедел телеграмма жіберіп, министрліктен қоңырау соқтырып Төкеңді әрең Түркістан жеріне келтіргенбіз. Себебі, ол кездері заң ғылымдарының докторлары өте аз болатын. Төкеңнің басты қасиеті – көпшілігі. Кім-кімді де жатырқамайды әрі жақсылық жасауға даяр тұрады. Осы қасиетінен болуы керек оны жұрттың бәрі жақсы көреді. Студенттер мен жас оқытушылар қашанда айналасында» деген еді.

Төкіжан Ағдарбеков – сегіз қырлы бір сырлы азамат. Қолымыз бос уақытта, отырыстарда, университеттің кештерінде қолына домбырасын алып қазақ халық әндерін орындап жүрді.

Замандасы әрі тарих факультетінің тұңғыш деканы Сейтхали Мадуани әріптесіне мынадай жыр шумағын арнады:

Ардагер аға-достарым

Ардагер аға-достарым,
Қосылар қашан бастарым?
Жалғанның басып жалпағын,
Кеттік пе ойлап бас қамын?
Алпыстың алған асарын,
Жетпіске жеткен жастарың,
Бұйырған татып дәм-тұзын,
Қаймағы бар ма, қаспағын.

Ойлан да толғаң, достарым,
Өмірдің барлап астарын.

Үлкен еңбекқорлықпен қатар профессор Т.Ағдарбековке тән қасиеттер – кішіпейілділік, адалдық, патриотизм. Жеткен жетістіктеріне мақтанбайды, заңгер заңгер Салық Зимановтың, академик Сұлтан Сартаевтың оқушысы, сол кісілердің жолын қушы екенін мақтан тұтады. «Шәкірттерім құқықтық мемлекет құру жолында өнімді қызмет етіп жүр» деп өзін емес, шәкірттерін сырттан мақтау ғалымның қашанғы әдеті. Қызғаныш білдіріп, шенге таласу деген біздің ұстазға жат нәрсе.

Сыйластық қалар, басқасы,
Өтер де кетер қас-қағым!
Ғылымның шыққан шыңына,
Тірліктің қанған сырына,
Арқау болған жырыма,
Ардагер аға-достарым!

Тәңірім қолдап жебеген,
Түркістан қайта түлеген.
Сан жылдар бұрын болжаған,
Ясауи бабам көреген.
Ардагер аға-достарым,
Жалғастыр өмір дастаным.
Базардан қайтқан жандармыз,
Жоғалтып асқан-тасқанын.

Түркістан қаласы, 10.11.2008 ж

Қиындық шыңдайды

Осынау биіктікке, яғни адамдық қасиеттер мен жан жылуы мол, ортаға берер тағылымы терең деңгейге көтерілу – Төкіжан Ағдарбекулының ата-анасынан берілген асыл қасиет пен өзін шыңдаған талап, азаматтық ізденіс, еңбегінің жемісі.

Үлкен ғалымның өткен жолы даңғыл емес, қиыншылық пен үлкен еңбекке толы. Балауса балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тап болып, 29 жастағы әкесі Ағдарбек Түменбай ұлы Москва түбіндегі шайқаста қаза табады. Жауынгерлерге азық-түлік, киім-кешек дайындауға атсалысып жүрген анасы Закияның көмекшісі болған Төкіжан аға төрт жасында жалғыз қарындасының босігін тербетіп, үйді күзеткен.

Соғыстың соңғы жылдары мен соғыстан кейінгі елдегі ауыр жағдай кезінде әкесінен ерте айырылған Төкіжан Ағдарбековті өмір шыңдады. Текті әкеден қалған жалғыз тұяқты

докторантураға жолдама алып, 1990 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясында докторлық диссертация қорғайды.

Біртуар ғалым

1991 жылы Түркістан қаласындағы жаңа құрылған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне шақырылып, 1991–1997 жылдары заң факультетінің деканы қызметін атқарып, оның қалыптасуына, кадрлар дайындау мен жастарды тәрбиелеуде үлкен еңбек етіп, жұртшылық алдында беделге ие болады. Төкіжан Ағдарбеков осынау үлкен білім және ғылым ордасының дамуына, ондағы болашақ мамандардың шыңдалуына, заңгер-ғалымдар мектебінің қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. Түркістанға құрметі ерекше біртуар ғалым Н.Б.Мұхитдиновтай асыл азаматтың аймаққа жиі келіп, студенттер мен магистранттарға, ізденушілерге лекция оқуын, олардың сапалы білім алуын ұйымдастырды. Осы еңбектерін бағалап, ХҚТУ-дың ғылыми кеңесі Төкіжан Ағдарбековке профессорлық ғылыми атағын және ҚР Гуманитарлық академиясының академигі атақтарын алуға мүмкіндік жасады.

Үнемі көмектесуге дайын тұратын ұлағатты ұстаз 1997 жылы мемлекетіміздің жаңа астанасындағы Л.Н.Гумилев атындағы университетінен шақыру алып, 2000 жылға дейін заң факультетінің кафедра меңгерушісі қызметін атқарып, осы үлкен оқу орнының қалыптасуына зор үлес қосты.

1997–2000 жылдары Л.Н.Гумилев атындағы университеттің заң факультетінің кафедра меңгерушісі, 2001–2004 жылдары Гуманитарлық Заң университетінің Астанадағы бөлімінде

ПАЙЫМ

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде жария-құқықтық даулар азаматтық іс жүргізу тәртібімен қаралып келді. Алайда мұндай тәсіл өкімшілік-құқықтық қатынастардың табиғатына толық сәйкес келмеді. Себебі, бұл дауларда тараптар тең жағдайда болмайды: бір жағында – билік өкілеттігіне ие мемлекеттік орган, екінші жағында – жеке тұлға немесе заңды тұлға. Осындай ерекшеліктер өкімшілік әділеттің дербес процессуалдық нысанын қалыптастыру қажеттігін айқындады.

СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖАҢА САПАЛЫҚ ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРГЕН РЕФОРМА

Өкімшілік әділет институтының эволюциясында өкімшілік рәсімдерді құқықтық реттеу маңызды орын алды. Мемлекеттік органдардың шешім қабылдау рәсімдерін регламенттеу, олардың ашықтығы мен есептілігін арттыру бағытындағы заңнамалық өзгерістер кейіннен өкімшілік сот ісін жүргізудің іргетасына айналды. Бұл кезеңде жария биліктің дискрециялық өкілеттіктерін шектеу және оларды сот бақылауына беру мәселесі күн тәртібіне шықты.

2021 жылғы 1 шілдеде Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің күшіне енуімен өкімшілік әділет институты толыққанды іске қосылды. Аталған кодекс өкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттарын түбегейлі жаңартты және соттың белсенді ролін айқындады. Бұл ретте, сот тек тараптардың ұсынған дәлелдемелерімен шектелмей, істің мән-жайын жан-жақты, толық әрі объективті зерттеуге міндетті.

Кодекстің негізгі жаңашылдығының бірі – «билік актісінің заңдылығын тексеру» қағидатының енгізілуі. Яғни, өкімшілік орган қабылдаған шешімнің заңға сәйкестігін дәлелдеу ауыртпалығы сол органның өзіне жүктеледі. Бұл – дәстүрлі азаматтық процестен ерекшеленетін маңызды институттық өзгеріс. Аталған тәсіл азаматтар құқығын қорғау кепілдігін айтарлықтай күшейтті.

Мамандандырылған өкімшілік соттардың құрылуы да маңызды қадам. Бұл соттар жария-құқықтық дауларды қарауға бейімделіп, өкімшілік құқық саласындағы біркелкі сот практикасын қалыптастыруға ықпал етуде. Нәтижесінде, мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығы мен негізділігіне қойылатын талаптар айтарлықтай артты.

Судьялық тәжірибе көрсеткендей, өкімшілік әділет институтының енгізілуі мемлекеттік аппараттың құқықтық мәдениетіне оң әсерін тигізді. Мемлекеттік органдар өз шешімдерін қабылдау кезінде заң талаптарын сақтауға, дәлелді және уәжді актілер шығаруға көбірек мән бере бастады. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаттарының нақты іске асуының көрінісі.

Елімізде өкімшілік әділет институтының қалыптасуы – сот төрелігінің жаңа сапалық деңгейге көтерілуін білдіреді. Алдағы кезеңде өкімшілік сот ісін жүргізу тәжірибесін жетілдіру, құқық қолдану бірізділігін қамтамасыз ету және судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру – аталған институттың одан әрі дамуының негізгі бағыты болып қала береді.

Алмат ҚОСМАҒАНБЕТОВ,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

БІТІМГЕРШІЛІК - БІРЛІК БАСТАУЫ



«Ел даусыз болмайды». Ал келіспеушіліктің барлығын сотта шешу қаншалықты дұрыс? Мәселен, отбасындағы, ағайын-туыс, бауыр, достар, көршілер арасындағы таласты сот таразысына салу керек пе? Осы орайда дауды шешу жолдары мен татуласудың баламалы тәсілдеріне тоқталған жөн. Сотқа жүгіну барысында бірқатар қиындық туындайтыны рас.

Біріншіден, істің қаралуы созылып кетуі мүмкін. Іске нүкте қойылғанша, әдетте, бір емес, бірнеше сот отырысы өтеді. Шағымдар Жоғарғы сотқа дейін жолданып жатады. Қайта-қайта жұмыстан сұранып, кәсіпті тоқтатып, жеке тірлікті ысырып қоюға тура келеді.

Екіншіден, сізден кететін шығынды да ескерген жөн. Мемлекеттік баж төлейсіз, сот шығынын өтейсіз, заңгер жалдайсыз, жолға шашыласыз.

Үшіншіден, осыншама кезеңнен өтсеңіз де дау сіздің пайдаңызға шешілетініне еш кепілдік жоқ. Сонымен қатар, екінші тарап – туысыңыз, досыңыз, қызметтесіңіз болса, екі арадағы қатынасқа, сыйластыққа, әріптестікке нұқсан келеді. Неге десеніз, сот – дау алаңы. Сол себептен кешегі туыстар – бүгінгі жау, кешегі достар – бүгінгі қасқа айналуы әбден мүмкін. Осы орайда ең дұрысы – татуласу, келісу, бітімге, бір мәмілеге келу деп айтар едік.

Заң шеңберінде дауларды шешудің баламалы тәсілдері ретінде медиативтік, партисипативтік және татуласу келісімдері қарастырылады. Татуластыру рәсімдерінің барлығы азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Бір қуантарлығы, облысымызда кешірімділік пен кеңдік танытып, ортақ бітімге келіп жатқан адамдар аз емес. Мәселен, Орал қалалық №2 сотында былтыр азаматтық дауларға қатысты 305 іс бойынша тараптар татуласу келісіміне келген. Ал биылғы төрт айда 683 іс бойынша дауласқан тараптар ортақ бітімге медиация тәртібі арқылы келген.

Татуласудың тағы бір артықшылығы, мұнда сот шешімі орындалмай, ортақ жолда қалмайды. Келісімді өзара мақұлдағандықтан, тараптар ондағы шарттарды дер кезінде, белгіленген уақытта орындауға мүдделі. Ал, орындамаған жағдайда талапкердің өтініш хаты бойынша сот бекітіп берген атқару парағы мәжбүрлеп орындатуға жатады. Жалпы қазақ – ертеден сөзге тоқтай білген халық. Сол себептен болар, сот жүйесінде іске асырылып жатқан татуластыру шаралары өзінің тиімділігін көрсетуде. Бұл ретте халықты татуластыруға, дауларды азайтуға Орал қалалық №2 соты да үлесін қосуда.

Ж.РАХМЕТОВА,
Орал қаласы №2 сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН Әңгіме

Жандос НҮРҒАЗИНОВ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының Алматы қаласы бойынша аймақтық филиалының директоры:

«БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ»



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек, 2025 жылы «Даму» қоры «Өрлеу» жеңілдікпен несиелеу бағдарламасын іске қосты. Бұл құрал пайыздық мөлшерлемені субсидиялау құралына тиімді балама болады және кәсіпкерлердің бюджет процедураларына байланысты болатын кідірістерге тәуелді болмай қаржы алуына мүмкіндік береді.

– Осы бағдарламаға кеңірек тоқтала кетсеңіз.

– «Өрлеу» бағдарламасының шарты бойынша несие 10 жыл мерзімге дейін 12,6 пайызбен, 7 млрд теңгеге дейін беріледі. Мысалы, кәсіпкер жаңа цех ашуға, отандық өнім шығаруға немесе қонақүй бизнесін дамытуға қаржы ала алады. Бағдарламаның маңызды мақсатының бірі – импорттың орнын басу және отандық өндірісті күшейту. Мемлекет қазақстандық өнім үлесін арттыруға ерекше назар аударып отыр.

Қор жақында «Өрлеу-лизинг» бағдарламасын іске қосты. Бұл құрал өндірістік кәсіпорындардың техникалық жағдайын жақсартуға арналған. Бағдарлама аясында кәсіпкерлер жаңа құрал-жабдықтарды жеңіл шартпен лизингке ала алады. Негізгі шарттары: қаржыландыру көлемі – 300 миллион теңгеге дейін; мерзімі – 3 жылдан 5 жылға дейін; мөлшерлемесі – 12,6 пайыз;

Бұл әсіресе өндірістегі ескі жабдықтарды жаңартуға, өнім сапасын арттыруға және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

– Қор қызметіндегі өңірлік бағдарламалардың тиімділігі қандай?

– Өр өңірдің экономикалық ерекшелігі әртүрлі. Сондықтан қор жергілікті әкімдіктермен бірлесіп арнайы өңірлік бағдарламаларды жүзеге асырады. Бұл бағдарламалар нақты аймақтың қажеттілігіне бейімделеді. Мысалы: аграрлық өңірлерде ауыл шаруашылығын өңдеу; өндірістік аймақтарда шағын зауыттар; туризмге қолайлы өңірлерде сервис саласы қолдау ала алады. Осының арқасында мемлекеттік қолдау нақты салаларға бағытталады.

– 2026 жылы іске қосылған «Іскер аймақ» бағдарламасының ерекшелігі неде?

– Ол өңірлік кәсіпкерлікті дамытуға арналған жаңа бастама. Бағдарламаның басты мақсаты – ауылдар мен шағын қалалардағы кәсіпкерлікті дамыту. Әсіресе, өнеркәсіп, жиһаз өндірісі,

да бірыңғай фронт-кеңсе жүйесі іске қосылды. Бұл – «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін жаңа формат. Кәсіпкерлер бір жерден «Бәйтерек» ҰИХ еншілес компанияларының барлық қолдау құралдары бойынша кеңес ала алады. Сонымен қатар қор шалғай өңірлер үшін мобилді фронт-кеңселерді де іске қосты. Бұл кәсіпкерлердің облыс орталығына немесе үлкен қалаға бармай-ақ қызмет алуына мүмкіндік береді.

– Отандық бизнесті дамытуда «Ұлттық өнім» жобасының орны ерекше деуге болады. Осы арада жобаның дәстүрлі көрмесі туралы да айта кеткен жөн шығар?

– Әлбетте. «Ұлттық өнім» – отандық өндірушілердің ең ірі көрмелерінің бірі. Іс-шараны «Даму» қоры Үкіметтің, Ұлттық экономика министрлігінің және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырады. Сондай-ақ серіктестеріміз, оның ішінде бас демеші – Халық банкі мен Freedom Bank болып отыр. Биыл ол 22-24 мамыр күндері Астана қаласында тоғызыншы рет өтіп жатыр. Көрмеге еліміздің бар өңірінен «Даму» қоры арқылы мемлекеттен қолдау алған 600-ден астам, оның ішінде Алматы қаласынан 45 кәсіпорын қатысады. Онда тек тауар өндірушілер ғана емес, алғаш рет медицина, білім беру, туризм, IT және креативті индустрия сияқты қызмет көрсету саласының компаниялары да қатысып жатыр.

Көрмеде нағыз қазақстандық бренд-

«Ұлттық өнім» – көрме ғана емес, іскери алаң да. Мұнда үздік сарапшылардың, банк топ-менеджерлерінің, халықаралық ұйым өкілдерінің және бизнесті қолдау саласындағы шетелдік әріптестердің қатысуымен панельдік сессиялар өтеді; нетворкингке, тәжірибе алмасуға және B2B кездесулерге арналған алаң ұйымдастырылған. Оған мемлекеттік органдардың бірінші басшылары, әлеуметті инвесторлар, ірі бизнес өкілдері мен клиенттер қатысады; франчайзинг, команда жасақтау, салық салу және бизнестегі жасанды интеллект тақырыптары бойынша тегін шеберлік сабақтары өткізіледі.

құрылыс материалдары, металлургия, химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру және т.б. салаларға басымдық беріледі.

Бұл бағдарлама аясында пайыздық мөлшерлемені субсидиялау көзделген. Соның арқасында кәсіпкерлер үшін несие жүгі айтарлықтай төмендейді. Аталмыш бағдарлама басым салаларда жұмыс істейтін кәсіпкерлерге жаңа жобаларды іске қосуға, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Жеңіл шарттармен қаржыландыру мен қордың кепілдігі бизнес-идеяны табысты іске айналдыруға жағдай жасап, өңірдің дамуына үлес қосуға жол ашады. Несие 200 млн теңге, инвестиция және айналым қаражат толтыруға беріледі. Мөлшерлеменің 40 пайызын мемлекет субсидиялайды, қолдау мерзімі – 3 жыл.

– Кепілдік беру құралдарының кәсіпкерлер үшін маңызы қандай?

– Көптеген кәсіпкердің жобасы жақсы болғанымен, банктер талап ететін кепіл мүлкі жеткіліксіз болып жатады. Осындай жағдайда «Даму» қоры кепілдік беру арқылы кәсіпкерге қолдау көрсетеді. Қор несие сомасының 85 пайызына дейін кепілдік бере алады. Бұл әсіресе ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін өте маңызды мүмкіндік. Нәтижесінде кәсіпкерлер өндіріс ашып, жаңа жабдық алып, бизнесін кеңейтуде.

– Қаржылай емес қолдау қалай жүзеге асырылады?

– Қазір «Даму» қоры бизнесті қолдау аясын бұрынғыдан кеңейте түсті. Көп жағдайда дұрыс кеңес беру, бизнес-жоспар, сүйемел көмек маңызды рөл атқарады. Сондықтан қор қаржылай емес қолдау бағыттарын күшейтіп отыр.

Бүгінде «Бәйтерек» холдингі аясын-

терді көріп, кәсіпкерлермен танысып, олардың табыс тарихын білуге болады. «Ұлттық өнім» – көрме ғана емес, іскери алаң да. Мұнда үздік сарапшылардың, банк топ-менеджерлерінің, халықаралық ұйым өкілдерінің және бизнесті қолдау саласындағы шетелдік әріптестердің қатысуымен панельдік сессиялар өтеді; нетворкингке, тәжірибе алмасуға және B2B кездесулерге арналған алаң ұйымдастырылған. Оған мемлекеттік органдардың бірінші басшылары, әлеуметті инвесторлар, ірі бизнес өкілдері мен клиенттер қатысады; франчайзинг, команда жасақтау, салық салу және бизнестегі жасанды интеллект тақырыптары бойынша тегін шеберлік сабақтары өткізіледі. Бүгінде «Ұлттық өнім» – заманауи, бәсекеге қабілетті әрі жаңа технологиялар мен нарыққа бейім отандық бизнестің айнасы.

Алдағы кезеңде қор кәсіпкерлерге көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруды жалғастырады. Цифрландыру, мобилді қызмет көрсету, бірыңғай фронт-кеңселер жүйесін кеңейту – негізгі басымдықтардың бірі. Басты мақсат – кәсіпкерлерге кедергі емес, нақты мүмкіндік беру. Өйткені кәсіпкерлік дамыса, экономика дами, жаңа жұмыс орындары ашылады, халықтың әл-ауқаты артады.

Бүгінде «Даму» қорының ресми сайты арқылы кәсіпкерлерге арналған бағдарламалармен танысып, онлайн кеңес алуға жол ашық. Қор шағын және орта бизнестің сенімді серіктесіне айналып, еліміздің экономикалық дамуына үлес қосып келеді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРАП

ХАЛЫҚ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН БАСТАМА

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданып, аймақтарда әкімшілік соттардың құрылуы отандық соттағы ең маңызды реформалардың бірі болып саналады. Осыдан бес жыл бұрын қолға алынған бұл бастаманы сапалы жүзеге асыруға сауатты жоспар, сарабдал қадам, үлкен күш-жігер жұмсалғаны мәлім. Әкімшілік әділет институты бойынша жүргізілген іргелі ізденістер реформаның оң нәтиже беруіне айтарлықтай әсерін тигізді. Бұл отандық заңнаманың дамуындағы ғана емес, отандық соттың дамуындағы да маңызды кезең.



Кез келген бастаманың орта жолда қалмай ел қажетіне жарауы, қоғам игілігіне қызмет етуі заңдық тетіктерінің тыңғылықты жасалып, қолданылу механизмдерінің дұрыс үйлестірілуіне байланысты. Сонымен бірге бұл жаңа жобаның қарапайым халықтың көңілінен шығып, елдің талап-тілегіне, менталитетіне сай дайындалуымен де өзектес. Осы тұрғыдан алғанда әкімшілік әділет институты халықтың мәселесін шешкен, азаматтардың қалауын орындаған мықты реформа ретінде мойындалғаны анық.

Әкімшілік әділет – бір күннің жұмысы емес. Әрі мұндай ауқымды институттың талапқа сай қызмет етуі бір адамның ғана қолынан келмейтіні түсінікті. Шын мәнінде бұл Мемлекет басшысының қолдауымен, Жоғарғы Соттың мұрындық болуымен, барша судьялардың күш салуымен атқарылған ұжымдық жұмыс. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің дайындалуда қаншама ғалымдар мен заңгерлер, білікті мамандар еңбек етсе, әкімшілік соттарды қалыптастырып, дамытудың артында қаншама су-

дья мен сот қызметкерлерінің табан ақы, маңдай тері тұр. Әкімшілік іс жүргізу үшін жетекші елдердің, ең алдымен Германияның тәжірибесі үлгі ретінде пайдаланылды. Латвия, Болгария, Нидерланды, Эстония және процедуралар мен іс жүргізуді біріктіретін ұқсас құрылымдалған актілері бар басқа елдердің тәжірибесі де зерттелді. Сондай-ақ жаңа соттарды материалдық-техникалық тұрғыдан қамтумен бірге, онда жұмыс істейтін судьялар мен сот қызметкерлерін іріктеуге айрықша назар аударылды. Судьяларды жаңа істерді қарауға оқыту, біліктілігін көтеру, шеберлігін шыңдау бағытында да айтарлық іс-шаралар атқарылды. Судьяларға көптеген мықты заңгерлер дәрiс берiп, өзара тәжірибе алмасуға да ұдайы көңіл бөлінді. Әкімшілік әділет жүйесі жақсы дамыған Германия, Нидерланды сияқты жетекші елдерге отандық сот судьяларын оқып, тәжірибесін шыңдауға жіберу де дәстүрлі шараға айналды.

Сот ісін жүргізудің жаңа түрінің енгізілуі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің

қабылдануы азаматтар мен бизнес құқығын қорғаудың нақты құралына айналды. Сәйкесінше әкімшілік әділет институты заңдылық пен тәртіпті нығайту саясатының бір бөлігі ретінде қалыптасты. Бұны бүгінгі сот статистикасына қарап та аңғаруға болады. Айталық Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі енгізілгенге дейін мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты шағымданған азаматтардың тек 15%-ы ғана жеңіске жетсе, жаңа соттардың жұмыс істеген бес жыл ішінде бұл көрсеткіштің 60%-ға дейін өскенін байқауға болады.

Әкімшілік әділетті халыққа жақындатқан бірнеше басымдықты ерекше атап өтуге болады. Оның біріншісі, соттың белсенді рөлі қағидаты. Азаматтық іс жүргізуде судья негізінен тараптар ұсынған дәлелдемелерге сүйене отырып, төреші ретінде әрекет етсе, әкімшілік іс жүргізуде сот шындықты анықтауда қосымша дәлелдер мен дәйектер сұратып, істі өз бастамасымен жүзеге асыруға міндетті. Келесі басымдық – әкімшілік істерде өз әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын дәлелдеу міндеті толығымен мемлекеттік органға жүктелген. Бұл өз құқығын қорғауға ниетті жеке және заңды тұлғалар үшін үлкен көмек.

Әкімшілік әділеттің келесі артықшылығы – судьяларға істің құқықтық аспектілері бойынша алдын ала пікірін білдіру құқығын беруімен құнды. Бұл тараптарға жақсы дайындалуға, қосымша дәлелдер келтіруге және сот шешімін болжауға мүмкіндік береді.

Бес жылдық жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып біз әкімшілік әділет жүйесі қоғамдық салада заңдылық пен әділдікті қамтамасыз ету тетігі ретінде өзінің тиімділігін дәлелдеді деп толық сеніммен айта аламыз. Бұл бағыттағы ілкімді жаңғыртулар алдағы уақытта да жалғаса береді.

Замира МАХИТОВА,
Қарақия аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

МІНБЕР

Төлем қабілеттілігі – бұл жай ғана бухгалтерлік термин емес, бұл тұлғаның азаматтық-құқықтық айналымдағы «сенімділік паспорты». Яғни, төлем қабілеттілігі – жеке немесе заңды тұлғаның заңды міндеттемелері бойынша (қарыз, салық, еңбекақы) уақытылы және толық көлемде ақшалай есеп айырысу мүмкіндігі. Бұл қаржылық тұрақтылықтың негізгі көрсеткіші, қолда бар активтердің қарыз сомасынан артық болуын білдіреді. Демек төлем қабілеттілігі ұғымының негізгі анықтамасы – субъектінің қарыздарын өтеуге жеткілікті өтімді активтерінің (жылжымалы не жылжымайтын мүлкі, тұрақты табысы, басқа да мүлкі құнды қағаздары) болуы.

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы заңды тұлғалар үшін төлем қабілетсіздігі туындаған жағдайда екі негізгі жолды ұсынады. Біріншісі: оңалту рәсімі – бұл кәсіпорынның төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған соттық шаралар кешені. Оның шеңберінде борышкерге мараторий беріледі, яғни бұрынғы қарыз бойынша өсімшұл мен айыппұлды есептеу тоқтатылады. Ал екіншісі: банкроттық рәсім – борышкердің мүлкін сату арқылы кредиторлар талабын қанағаттандыру және заңды тұлғаны жою процесі.

Жеке тұлғалардың банкроттығы – жаңа құқықтық парадигма. 2023 жылғы реформа азаматтардың қаржылық мәселесін шешудің заңды жолын ашты. Бұл институттың енгізілуі әлеуметтік кернеуді азайтуға және халықтың неселік жүктемесін реттеуге, халықаралық тәжірибедегі адами капиталдың жоғарылауына бағытталған. Мұндағы басты принцип – адалдық. Егер азамат активтерін әдейі жасырған болса, заң оның қарызын кешіруден бас тартуды көздейді.

Заманауи құқықтық тетіктер реттелген. Біріншісі – соттан тыс банкроттық. Ол әлеуметтік тұрғыдан осал топтар мен шағын қарызы бар азаматтарға арналған жеңілдетілген процедура. Оңалту рәсімі – кәсіпорынның жұмысын тоқтатпай, қарызды өтеудің икемді графигін құруды көздейді. Ал төлем қабілеттілігін қалпына келтіру азаматтың банкрот мәртебесін алмай-ақ, өз табысы есебінен қарызын бөліп төлеуге мүмкіндік береді. Бұл жерде, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсіміне көңіл бөлген жөн. Себебі, бұл рәсім – тұрақты табысы бар, бірақ қарызын уақытылы төлей алмай қалған азаматтарға сот арқылы өзін банкрот деп танымай, активтері мен іскерлік беделін сақтай отырып қаржылық жағдайын қалпына келтіруге берілетін мүмкіндік. Оның мақсаты борышкердің қаржылық жағдайын сауықтыру және банкроттық рәсімінен құтқарып қалу. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі сот арқылы жүзеге асырылады және оған қарыз алушының келісімі қажет.

Алайда, жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы заңнама аясында бұл процедураның азаматтар үшін әрі жағымды, әрі белгілі бір шектеулер әкелетін салдары бар. Яғни, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру – бұл қарызды толық кешіру емес, керісінше, қарызды бөліп төлеудің (5 жылға дейін) қолайлы кестесін құру арқылы жағдайды оңалту. Оның негізгі салдары: төлем

қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары орындалып жатқан кезеңде азаматқа жаңа несие немесе микронесие алуға тыйым салынады, сот қажет деп таныса, борышкердің елден тыс жерге шығуына уақытша шектеу қойылады, борышкер өзінің шығыны мен кірісін қаржылық басқарушының қадағалауымен жүзеге асырады. Сот бекіткен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын борышкер бұзған жағдайда, ол процедура тоқтатылып, сот арқылы банкроттық процесі басталуы мүмкін.

Айта кетерлік мәселе, қалыптасқан сот практикасына сәйкес, сотқа өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануды сұрап жүгінетін азаматтардың басым бөлігі қаржылық сауатсыздық нәтижесінде іс жүзінде банкрот немесе төлем қабілетсіздік жағдайына түседі. Демек, азаматтардың қаржылық жағдайын түзету мақсатында қабылданған заң, елде қалыптасқан қаржылық кризистің салдарын реттеуге арналған. Ал, ол қаржылық дағдарыстың негізгі себебі анықталмай, алдағы уақытта оны қайталамау жолы шешілмеген. Бұл экономикалық тұрғыдан статистикалық есептілікке оңтайлы, бірақ уақытша шешім деп санаймын.

Құқық қолдану тәжірибесінде ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 2 қазандағы №5 нормативтік қаулысы шешуші рөл атқарады. Ондағы басты басымдықтар дәременсіздікті анықтауға, адалдық принципіне, субсидиарлық жауапкершілікке бағдарланған.

Қаржылық сенімділікті сақтау үшін заңнамада қарызды өтеудің қатаң кезектілігі белгіленген. 1-кезек: өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу, алимент; 2-кезекте: еңбекақы бойынша берешек және әлеуметтік аударымдар; 3-кезек: салықтық және кедендік қарыз; 4-кезекте: басқа кредиторлар; 5-кезек: айыппұлдар, өсімдер және залалдарды өтеу.

Төлем қабілеттілігін құқықтық реттеу – бұл тек заң нормаларының жиынтығы емес, мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын арттыратын құрал. Ақтөбе облысы Темір аудандық сотында 2025 жылы төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы 16 іс қаралды, оның ішінде арызды қанағаттандыру туралы шешім қабылданбады, қанағаттандырудан бас тарту туралы 2 шешім шығарылды. Сонымен қатар арызды қараусыз қалдыру және арызды қайтару туралы 14 іс қаралды.

А.НАЗАРКУЛОВА,
Темір аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

Заңнамадағы өзгерістер қоғам қажеттілігінен туындайтыны белгілі. Сонымен бірге заңдарды өзгертіп, толықтыруға қарапайым халықтың талап, тілегі мен халықаралық кеңістіктегі іргелі жаңашылықтардың түрткі болатыны түсінікті. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық-процестік кодексіндегі жаңғыртулардың да түпкі себебі осында.

Соңғы жылдары қылмыстық заңнаманы жетілдіруге байланысты маңызды қадамдардың жасалғанын халық жақсы хабардар. Қылмыстық кодекстегі жаңашылдықтар қоғамдағы жаңа қауіптерге дер кезінде жауап беруді, қылмыстық процестерді оңтайландыруды, сонымен бірге азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатын көздеген болатын. Әсіресе заңдағы жаңа баптардың енгізілуі қылмыстың түрленуіне, цифрлық технологиялардың дамуына, интернет-алаяқтық, киберқылмыс сияқты жаңа қылмыстардың пайда болып, қауіп-қатердің өсуіне байланысты болып отыр. Соның ішінде дропперлік қызмет, stalking үшін жауаптылықтың қарастырылуы қылмысты елеусіз қалдырмауды, құқық бұзушыларға лайықты жаза тағайындауды қажет еткені шындық.

Жалпы, қандай заңға өзгеріс енгізілсе де ондағы ең басты басымдық азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталатыны даусыз. Қылмыстық заңнамаларды түрлендіру барысында да адам құқықтарын қамтамасыз ету, қылмыстық процестің әділдігін арттыру ең жазықсыз адамдарды негізсіз айыптаудан сақтандыруға жіті мән берілді. Сонымен бірге, қылмыстық процесті

мейлінше оңтайландыру, артық қағазбастылықтан арылу, тергеу және сот процестерін жеделдету, заңды заманауи талаптарға бейімдеу бойынша да іргелі ізденістер жасалып, заңдық тұрғыдан шешімін тапқанына жұртшылық куә.

Әсіресе, соңғы уақытта заңнамаға енгізілген жаңашылдықтардың дені қылмыстық саясатты ізгілендіру, қоғамға аса үлкен қауіп төндірмейтін ұсақ құқық бұзушылықтар үшін бас бостандығынан айырмайтын, баламалы жаза түрлерін қолдануға бағытталды. Айыппұл, қоғамдық жұмыстар секілді жаза түрлері ағаттық жасаған азаматтардың өз бетінше түзелуіне, қоғамнан алшақтамай қателігін түсінуіне мүмкіндік беруді көздейді. Бұл тетіктер құқық бұзған адамды қайта қоғамға қосуды, өмірін жақсы жаққа өзгертуді мақсат етіп отыр.

Биылғы жылы Мемлекет басшысы қол қойған жаңа өзгерістерге сай Қылмыстық кодексте медицина қызметкерлерінің, сондай-ақ жедел жәрдем бригадалары жүргізушілерінің қызметтік

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ САЙ



міндетін атқару кезінде олардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қол сұғу үшін қылмыстық жауапкершілік көздейтін жаңа бап пайда болды. Сәйкесінше адам жанына араша болған дәрігерлерге күш қолдану қауіп төндіргендерге 200-ден 500-ге дейін айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салынып, не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не 300 сағатқа дейін қоғамдық бұзушылықтар үшін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы қарастырылып отыр. Ал дәрігерлердің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданылған жағдайда 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы, ауырлататын мән-жайлар болған жағдайда 7 жылдан 12 жылға дейін

бас бостандығынан айыру жазасы қолданылмақ. Осы түзетудің өзі елімізде жедел жәрдем қызметіне кедергі жасаушылар, кәсіби жұмысын атқарған дәрігерлерге күш қолдану оқиғаларының жиілеуіне байланысты енгізілген болатын. Бұл қылмыстық заңнамадағы жаңғыртулардың

қоғамдағы өзгерістер, халықтың талабына сай жасалатынын толық айғақтайды. Заңнамалық өзгерістермен қатар, медициналық ұйымдарда медицина қызметкерлерінің жұмыс орнындағы қауіпсіздігін күшейтуге арналған қосымша шаралар енгізіліп жатыр.

Елімізде қылмыстық заңнаманы жетілдіру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл өзгерістер мен толықтырулардың қолға алынуына адам құқықтарын қорғауды күшейту, заңсыз әрекеттердің алдын алу, қылмыстық процесті цифрландыру және заманауи қылмыс түрлеріне қарсы күресті жетілдірудің маңыздылығы түрткі болған. Заңнаманы өзгерту барысында азаматтардың құқықтарын қорғау, кінәсіздік презумпциясын сақтау және тергеу органдары тарапынан болатын заңсыз әрекеттерді болдырмау бойынша жан-жақты ізденістер жасалды.

Сонымен қатар, бүгінде қылмыстық процесті цифрландыру, қылмыстық істерді жүргізуді электронды форматқа көшіруге қатысты да ауқымды жұмыстардың қолға алынып, алғашқы нәтижелерін беріп жатқанына куә болып отырмыз. Мұндай талпыныстар қылмыстық іс жүргізуді жеделдетіп, бюрократияны азайтады және процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Заңнамадағы бұл өзгеріс Президенттің Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерді мұқият саралап, ондағы қолданылмайтын немесе сот төрелігіне кедергі келтіретін артық-ауыс нәрсенің бәрін арылу қажеттігі туралы берген тапсырмасының дер кезінде, сапалы орындалып жатқанын көрсетеді.

Гүлфайруз ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ҚҰЛАҚАҒЫС

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялап отыр.

Биылғы байқаудың талаптары:

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, көрпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялның жемісі саналатын осы ізкесушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмске деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі.

Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі

арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдіретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен біз!

Құрметті байқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсыналғы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:

Қайсенов Абылай Әзімханұлы.

* Жасы: 35-50 аралығында;

* Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.

* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер;

осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ІІМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/

* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студент. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.

* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді/.

* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпен/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

* Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:

ҚОЛХАТ

Мен _____

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы ЖШС бастамасымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурста жолдаған атты шығарманың авторлық құқықын «Заң» Медиа-корпорациясы ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығарманды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы

Қосымша сұрақтарыңыз бен шығармаңызды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз!

Байланыс телефоны: 87011220940

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «ПрофитТех» ЖШС (БСН 250940010872) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 56А үй, 285-пәтер.

4. «Адем Вилладж» тұтыну кооперативі (БСН 220140011182) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарағайлы шағынауданы, 1290-үй.

6. «ТОПАР ЕРНУР» ЖШС (БСН 190140010959) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Балқаш ауданы, Топар ауылдық округі, Топар ауылы, К.Оңғарбаев көшесі, 7А үй. Тел. 8 702 287 22 62.

8. «QR Caspian» ЖШС (БСН 221240004949) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 15 көшесі, 13-үй, 246-пәтер. Тел. 8 701 733 50 37.

9. «QR WEST» ЖШС (БСН 221240004909) өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 15 көшесі, 13-үй, 246-пәтер. Тел.8 701 733 50 37.

10. «Avocado Travel Almaty» ЖШС (БСН 190740008146), өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050000, ҚР, Алматы қаласы, Варламов көшесі 1/3, 45-пәтер.

12. «Advibe» ЖШС (БСН 230640006334) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 26А үй, 55-пәтер.

13. «СпецТехЗапад» ЖШС (БСН 260140004800) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Жаңақала ауданы, Мәстексай ауылдық округі, Мәстексай ауылы, Н.Қалиев көшесі, 19-үй.

16. «Kings Halal food» ЖШС (БСН 211040028550) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Е 652 көшесі, 10-үй, 8-пәтер, тел. 87761105555.

20. «SOUTH METAL Group» ЖШС (БСН 210540030895) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылдық округі, Шұбарсу ауылы, Энергетик-1 алабы, 331/1-үй, индекс 160611.

22. «Onon logistics» ЖШС (БСН 250140020147) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Нұркент ықшамауданы, 48-үй, 12-пәтер. Байланыс тел. +7 708 630 3287.

23. «Каспий Техно Стандарт» ЖШС (БСН 120340016843) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Гавриил Шамин көшесі, 5А ғимарат, 15-пәтер, тел. +7 701 3245158.

24. «PR-TIME» ЖШС (БСН 190240022024) (заңды мекенжайы: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40-үй) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Б. Майлин көшесі, 4/1-үй, 210-кабинет. Тел. 8 776 444 86 88.

25. «Smart Groups» ЖШС (БСН 190240022024) (заңды мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 40-үй) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Б. Майлин көшесі, 4/1-үй, 210-кабинет. Тел. 8 776 444 86 88.

ӘРТҮРЛІ

2. Т.С. İstanbul Anadolu
6. AİLE MAHKEMESİ
Esas No: 2018/1000 Esas
Karar No: 2025/433 Karar
İLAN METNİ
Davalı: DOĞAN DÖNGEL (TC:17510643276)-Auezovskiy ilçesi, 3 Mkr 17/18 D:34 Almatı/KAZAKHİSTAN
Davacı: GÜLNORA MATNİYAZOVA- aleyhine Mahkememizde açılan babalık davasında yapılan yargılama sonucunda;
Mahkememizden verilen 22/05/2025 tarih ve yukarıda esas ve karar numaraları yazılı kararı ile tam kabulüne karar verilmiştir.
HÜKÜM:
1- Muğla İli, Bodrum İlçesi, Yaka Mah/Köy, Cilt no:43, Hane no:45 nüfusa kayıtlı 03/01/1965 doğumlu 17510643276 T.C. Kimlik numaralı, Davalı DOĞAN DÖNGEL'in 17/08/2011 doğumlu Kazakistan Cumhuriyeti uyruklu KHURI MATNİYAZOVA'nın (Anne adı Gulnora) BABASI OLDUĞUNUN TESPİTİNE
2- Alınması gereken 615,40 TL harçtan peşin alınan 35,90 TL'nin mahsubu ile kalan 579,50 TL harcın davalıdan alınarak hazineye gelir kaydına
3- Davacı gider avansından karışılana 1726,50 TL yargılama giderinin davalıdan alınarak davacıya verilmesine
4- 2 adet Adli Tıp fatura bedeli olan toplam 17.650,00-TL'nin davalıdan alınarak Adli Tıp Kurumu'nun TR 03002000000120547600001 IBAN numaralı hesabına ödenmesine
5- Davacının adli yardım talebi 20/05/2022 tarihli ara kararı ile kabul edilmiş ise de bu kapsamda yargılama gideri yapılmadığından bu hususta karar verilmesine yer olmadığına
6- Davacı kendini vekil ile temsil ettirdiğinden karar tarihindeki AAÜT gereğince 30.000 TL vekalet ücretinin davalıdan alınarak davacıya verilmesine
7- Kalan avansın yatıran tarafa iadesine
MADDİ HATA DÜZELTİM KARARI
Mahkememizin 22/05/2025 tarih ve 2018/1000 Esas, 2025/433 sayılı kararının 1. nolu bendinde davalının soy isminin selven yanlış yazıldığı anlaşılmakla, "DOĞAN DÖNGEL" şeklinde düzeltilmesine karar verildi.
Dair: davacı vekilinin yüzüne karşı, tebliğden itibaren 2 hafta içerisinde İstanbul Bölge Adliye Mahkemelerinde İstinaf yasa yolu açık olmak üzere karar verilmiş olup, davalı Doğan Döngel'e tebliğ yerine geçmek üzere 1 ay süre ile ilanet tebliğ olunur.
Katip 256163 Hakim 107565
e-imza e-imza

7. Алматы қаласы, Түркісіб аудандық соты Бачалова Лемка Сафарбековнаның арызы бойынша Қазақстан Республикасының азаматы Амирханов Магомед Мурадovitчи 1979 жылы 14 апрельде туған ЖСН 790414303701, қайтыс болды деп тапту туралы азаматтық істі қарауда. Соңғы тұрғылықты жері: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Майлин көшесі, 72-үй, 64-пәтер. Амирханов Магомед Мурадovitчи жүрген жері туралы білетін немесе ол туралы қандай да бір мәліметі бар барлық тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде бұл туралы Алматы қаласының Түркісіб аудандық сотына немесе арыз берушіге хабарлауы сұралады.

11. ХАБАРЛАНДЫРУ! Жетісу облысы әкімдігінің 22.01.2026 жылғы № 12 қаулысының негізінде «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 101040002019) «Нұршақ балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ай-Жұлдыз бөбек жай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талап арыз-шағымдар бір ай мерзімде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылдық округі, Жансүгіров ауылы, Абай көшесі, құрылыс 1Б, пошта индексі 040100, байланыс тел. 87283221181.

14. Атырау облысының МАЭС 2026.05.18 ұйғарымымен «B.W.Kazakhstan» ЖШС-не қатысты (БСН 041240012763) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Смағулов көшесі, 56, 35-кеңсе. Тел. 87014097596.

18. ХАБАРЛАНДЫРУ!
Жетісу облысы әкімдігінің 22.01.2026 жылғы № 12 қаулысының негізінде «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (БСН 140140029128) «Таң-Шолпан балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бөбек балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талап арыз-шағымдар бір ай мерзімде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылдық округі, Қапал ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 25-ғимарат, индекс 040109, байланыс тел. 87283231522.

19. «Камысты» ЖШС (БСН 990340002487) жарғылық капитал мөлшерінің 4 014 149 621 теңге 00 тыннан (төрт миллиард он төрт миллион жүз қырық тоғыз мың алты жүз жиырма бір теңге нөл тын) 3 969 506 764 теңге 00 тынға (үш миллиард тоғыз жүз алпыс тоғыз миллион бес жүз алты мың жеті жүз алпыс төрт теңге нөл тын) азайғаны туралы хабарлайды. Несие берушілердің талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Камысты ауданы, Камысты ауылы, Ержанов көшесі, 89 В.

21. Құрметті кандидаттар!
Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңесінің Біліктілік комиссиясы (бұдан әрі-Комиссия) 2026 жылғы 29 мамыр мен 31 мамыр аралығында өткізетін сессиясы Алматы қаласы, Жаңаөсет көшесі, 59, Береговой қыналысы, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, 5-кабат, 507-кабинет, 511, мекенжайы бойынша өтетін сідін назарыңызға жеткізеді.
Емтихандар келесі кесте бойынша өткізіледі:
29.05.2026 ж. – 9:00-12:00 Қаржы және қаржылық менеджмент
29.05.2026 ж. – 14:00-17:00 ХҚЕС бойынша қаржылық есепке алу және есептілік
30.05.2026 ж. – 9:00-12:00 Басқарушылық есепке алу
30.05.2026 ж. – 14: 00-17:00 Салықтар
31.05.2026 ж. – 9:00-12:00 Аудит және Этика
31.05.2026 ж. – 14: 00-17: 00 Құқық.

МҰРАҒЕРЛІК

5. 14.01.2024 ж. қайтыс болған Күзембай Тұрғанбек Бегманұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Шиели кенті, Т.Рыскулов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

15. 23.02.2026 ж. Сәдуова Фарид Шаймаханқызының қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С.Жанакүловааның кеңесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер. Тел. 8 705 961 22 01.

ЖОҒАЛТУ

17. 2025 жылы 14 сәуірде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты тарапынан өндіріс алушы «Incom company» ЖШС-нің (БСН 160640010604) атына берілген №5501-25-00-2/353-1 атқарушылық парағының түпнұсқасы жоғалғандықтан, жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. /факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяев көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-кабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

Сол күні ауа райы жеңілтек жеңдей мың құбылып тұрды. Таңертеңгілік түскен соқыр тұман сейілмей-ақ қойды. Түс қайта жаңбыр сіркіреді. Онсыз да жүйкесі сабаудан шыққан жүндей ұйқы-тұйқысы шығып тұрған Сырбайдың еңсесі түсіп кеткен. Ол бүгін жол жүреді. Алысқа. Ауылға. Самал-ай, Самал! Сәмбі талдай бұралған көрікті бойжеткен еді-ау! Таудан құлаған бұлақтай төмен қарай тарқатылып жататын қос бұрымы өзіне соншалықты жарасымды болатын. Ерке болмысы қандай еді?

Сырбай немере қарындасы Самалды ойлағанда көңілі тағы да құлазып сала берді. «Ағалап» келіп мойнына асылатыны, баладай еркелейтіні соншалықты жарасымды болатын! Оның арманы таусылмайтын, біресе «мен көк зеңгір аспанды ұнатамын, сондықтан стюардесса боламын» десе, ертеңіне-ақ бұл ойынан айнып қалып «заманның бүгінгі келбеті күңгірттеніп барады, сондықтан да қара қылды қажаратын судья болғым келеді» деуші еді. Енді бірде қиялына қанат жалғап журналист болғысы келетін. «Шындықты шыркыратып жазармын-ау сонда» деп шабыттанып отыратын.

Несін айта берейік, Самал ауылдың гүлі еді. Жарқырап жүретін. Жадырап күлетін. Мектептегі қоғамдық жұмыстар мен көркемөнерпаздар үйірмелерінің онсыз сәні кірмейтін. Сырбай ауылға келген сайын қарындасының тез таралып, сылаң қағып өсіп қалғанына таңырқап қайтатын. Әжесінің кейде кейіп отырған сыңай танытқаны: «Әдіремқалғыр, бұ қыз дегеннің қалай бойжетіп қалғанын байқамай да қаласың. Кеше ғана шашы жалбырап, алдында қуыршақтай болып жүгіріп жүретін қыз «сыңарымды таптым» деп алдына келіп сыңсып отырғанда ғана жаман түс көріп оянғандай селк ете қаласың. Шайтан ғой бұлар, шайтан!» дейтіндей де бар. Соңғы кезде Самал көктемнің қызғалдағындай тым құлпырып кетіп еді. Осыған көрінген екен де...

Өкініш

Сырбайдың бойына аяныштын уыты тарай бастады. Оның жер тоқтақтап жылағаны келді. Бірақ еркек басымен жаһанды жаңғыртып жылауды намыс көрді. Ернін қымқырып, тілін тістеп өкініштің өртен кешіп отырып ұзақ ойланды. Көкірегінің мысық тырнап жатқандай беймаза күй кешті. Орындық арқалығына басын қойып, көзін жұғанымен, кірпік айқастыра алмады. Көз алдынан Самалдың күлімсіреген бейнесі кетпей қойды. «Аға! Ауылға келмей кеттіңіз ғой. Мен сізді сағынып жүрмін» деп еді-ау соңғы келгенінде. Адамда ғылым да түсіндіріп бере алмайтын алдағы өмірін болжай алатын ғажайып бір көріпкелдік, бәлкім түйсік болады дейді ғой, кім білсін-ай, сол жолы қоштасты ма екен? Мұны білгенде қалаға өзімен бірге ала кетер ме едім? Бірақ, пенде шіркін қашанда адасып, соңынан аң ұрып жүреді емес пе? «Шаһарды көріп, ширап қайтарсын» деп ілестіре кеткенінде мұндай жағдайға душар болмас па еді?

Сырбай тағы да ауыр күрсінді. Көздегі адамның өзі шошынатын күрсінс көліктегі ұйқылы-ою келе жатқандарды селк еткізді. Жанында отырған жігіт оған жаратпай қарады. Жүрдек көлік төңселіп кетті.
– Көзіңе қарап айдасаңшы!
– Қырады ма, қайтеді?
– Бүгінгі балалардың машина десе бәлесі бар. Жын құғандай ұшыртады! – деп артқы орындықта отырған ақсақал жүргізушінің ту сыртынан ала көзімен ата қарады.

Бұған ыққан жүргізуші жоқ, жапондар жасаған жеңіл көлік жылдамдығын үдете түсті.

Сырбай тағы да ұзын-сонар ой құшағына кіріп кетті. «Басқа, басқа, Самалдың өзіне-өзі қол салатын реті жоқ еді ғой» деп өкіне ойлады.

– Бір жеріңіз ауырып келе ме? Өңіңіз қуқыл тартып кетті ғой, – деп жанындағы жігіт бұл жолы Сырбайға жанашырлықпен жалтақтай қарады.

– Жол бойы күрсінуден болдыңыз. Не жағдай? – деп оң қапталда отырған келіншек те бетін бері бұрды.

Сырбай «айтсам ба, айтпсам ба?»

Шерлі үй

Жол да жол. Сырбайға ұшы-қыры жөк құла дүз дала таусылып бітпейтіндей көрінді. Ой қажаянда отырған адамға жұмсақ орындықтың өзі тастай батады екен. Ол ауылға құр сүлдері қалған қалпы құлазып жетті.

Ағасы болған іске болаттай болып қайраттанып алған ба әлде көп алдында жылауды намыс көрді ме «қарағым-ай, қабырғамды күйретіп кеттің ғой» деп бір өкісіп барып тоқтады. Көкірегін шел, көңілін мұң басқан жеңгесі Ақжарқын қайнысын көрген-

– Ендеше, өзің біл! Балалар сағынып қалмасын дегенім де.

Ағасы осыны айтып орнынан тұрды. Иығы қушыып, бүгезіктен бара жатқан ағасы Сырбайға шөгіп қалғандай болып көрінді. Иә, мына гапыл дүниенің адамдарға тартатын сыбағасы көп қой, көп...

Орынсыз бұйрық

Сырбай облыстық Ішкі істер департаментінде Тергеу басқармасының

шықты. Кейін білді ғой, бұйрық департамент бастығынан тікелей түсіпті. Сырбай есіл еңбегінің босқа кеткеніне бір өкінесе, кәділгі қанішердің бостандыққа шыққанына еселеп өкінді.

Тағы бірде Сырбайдың ұсынысы қаланы қан қақсатқан қылмыстық топтың басшысы түсті. Бастапқыда тергеу жақсы жүріп жатты. Ел аузында «Жыртқыш» атанып кеткен күдікті барлық кінәларын мойындап, әне-міне қылмыстық топтың басқа да мүшелерін ұстап, істі сотқа өткіземін деп жүргенде тергеушіні Төлеш тағы да шақырған.

– Істі қысқарт. Болмаса Шалғынбаевқа өткізі! – деді полковник сызданып тұрып.

– «Жыртқыштың» тобы әлі толық ұсталған жоқ. Осы істі соңына дейін өзім жүргізім келеді, полковник мырза, – деген.

– Бұл істі өзің жүргізе алмайтын сияқтысың, – деді полковник кекесімен.

Сырбай Тергеу басқармасының бастығы алдынан ызаға булығып шықты. Сол бойы генералдың қабылдауына барған. Тәлібай Досбергенов аса маңызды істер бойынша аға тергеуші Сырбайды жылы қабылдағанымен, іле түнеріп сала берді.

– Өзің жөн білмейтін жігіт көрінесің. Үлкендер айтқан соң, кері шегінуге болмайтынын қалай ұқпайсың? – деп зіркілдеді генерал.

– Генерал мырза! Бұлар қаланы ғана емес, елімізді түгел қақсатқан кәсігі қылмыскерлер емес пе? Тергеуді бітіруге тақап қалып едім, – деді Сырбай әлі де болса бастық кері шегініп қала ма деген дәмемен.

– Өй, сенің өзің тіптен шала бала екенсің ғой. Тәжікелеспей, бар, жоғал! Көзіме көрінбе! – деп ақырды генерал.

Осыдан соң-ақ Сырбайдың аяғына шала байланды. Отырса опак, тұрса сопақ болды. Мұнан ары қызметте қала алмайтынын ұққан тергеуші рапорт жазып қызметінен кетті.

Күнделіктегі күпия

Адвокат ретінде тіркеліп, арнайы құжат алды. Бір мекеменің бос тұрған бөлмесін жалға алып, жұмысын бастады. Артынша Сырбай жеке детектив ретінде де таныла бастады. Оған мінәйі себеп те бар еді. Бұрынғы әріптестерінің өтінішімен талай қылмыстың ашылуына жәрдемін берді. Құжаттарды толтыру, күдіктілердің жауаптарының рас-өтірігін дәлелдеу, криминалистермен қалай жұмыс істеу керектігі, қылмыскерді бұлтартпай мойындату сияқты тәжірибелерін аяған жоқ. Өткенде бір кісі алаяқтарға алданып, қыруар қаржысынан айырылып, боздап келген. Жеке детектив ретінде осы іске араласып, жәбірленушінің қаржысын қайтарып бергізді. Ерлі-зайыптыларды өлтіріп, сейфін ашып, барлық қымбат бұйымдары мен қаржысын тонап кеткен жауызды марқұмдардың туыстарының өтінішімен өзі іздеп тапты. Осыдан соң адвокат әрі жеке детектив Сырбайды көпшілік іздей бастады.

Бірақ мұның барлығын ағасына айтып отыратын мезгіл емес. Зәуіде айта қалса онсыз да ішкі арпалысымен қақып отырған жан жүнжіп, мүжіліп қалмай ма? Осыны ойлаған Сырбай жүрек құлпын ашпады.

– Мынау қарындасыңның кітаптары мен дәптерлері еді. Иесіз қалды ғой, – деп жеңгесі Ақжарқын қамығып тұрып кітап сөрелерін көрсетті.

Сырбай жеңгесінің көңілін қимай кітаптарды алып қарай бастады. Япырмай, мынау қыз күнделігі ғой. Сырбай қарындасының әлдебір құпиясын ашып қоятындай үрректеніп, дәптерді зорға аударыстырып отырды.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ
(Жалғасы бар)



дегендей ойланып қалды да «көңіл кірі айтса кетеді» деген анасының сөзі есіне түсіп, ақтарылмаққа оқталды.

– Ауылда жақсы көретін қарындасым бар еді. Суицид жасапты. Өлімге қиятын қыз емес еді, – деп бастап, марқұмның жетісіне бара жатқанын айтып өтті.

– Обал болған екен!

– Қазір осындай сұмдық көбейіп кетті ғой. Әсіресе жастар арасында. Оларға не жетпейді осы?

– Кесел ғой бұл, кесел! Дауасы жоқ, – деп ақсақал жан қалтасынан орамалын алып, бетін сүртті.

Кесел

Сырбай жанындағы жолаушылардың жұбатып келе жатқанын да, табалап келе жатқанын да түсінбеді. Қазір біреуге біреудің жаны ашитын заман ба? Сүрінгеніңе қарап сүйсінетін, құлағанына қарап тұрып қарғайтын, жығылғаныңды көрсе жұдырық ала жүгіретін алмағайып заманда кімге барып мұң шағарсын? Зар заман запыранын төгіп, аласұрып тұр емес пе? Мұндайда төзім мен сабыр ғана тығырықтан шығара алмақ. Кімнің сөзіне құлақ асып, салғыласып жатарсың? Әр сөздің астарына үңіле берсең, ой қамауында тұншығып өлерсің. Мына бақталасты бейқам өмірде оның көрген құқайы бұл ғана деймісіз? Бәріне де төзіп бақты. Олардың қасында жанындағылардың сөзі шыбын шаққандай-ақ болар? Бірақ, көңілі қобалжудан арылмай келе жатқан адамға бұл ауыр соққы еді.

нен зарлы жоқтауын айтып, ішіндегі бар күйігін ақтарып тастағысы келгендей ашына жылап, өксігін баса алмай жатты да буыны кеткен адамдай былқ-сылқ етіп құлап түсті. У-шу, азан-қазанда не болып, не қойғанын біліп болмайды. Сырбай сыртқа шыға бергенде әлдекім жеңгесінің бетіне су бүркіп жатқанын көзі шалып қалды.

Астан Сырбай қалаға асыға қоймады. Асыққанда қайда барады? Жүздің бірі қол жеткізе алмайтын қызметін өз еркімен өткізген. Қаланың у-шуынан бойын аулақ салып, осындағы ағайындардың үйлерінде біраз күн бола тұрмақ болып шешті. Оның үстіне ағасы мен жеңгесіне демеу болып, көңілдері орныққанша жандарында жүргенді қолай көрген.

– Бауырым! Біздің көңілімізді қимай жүргеніңді білемін. Өлгеннің артынан өлмек жоқ дейді ғой баяғылар. Жан жарасы да жазылар. Өткеннің орны жаңа күндермен, үміт шоғымен, елеске емінумен жүріп қарақотырылып болса да бітелер. Бізге алаңдама. Ел ішінде отырған бізді жау алмас. Қызметіңнен қалма. Келін мен балалар да сені күтіп қалған болар, – деді күншуаққа шығып, шалқайма орындықта қалың ойға шомып отырған ағасы Жайлаубек інісі Сырбайды жанына шақырып алып.

Сырбай ағасына жүрек қалтасындағы бар сырын айтқысы келгенімен, онсыз да жүрегі жаралы жанды қамықтырғысы келмей, құпиясын бүгіп қалды.

– Жұмысқа түсуіме әлі біраз күн бар, аға!

мықты аса маңызды істер бойынша тергеушілерінің бірі еді. Департамент бастығы, полиция генерал-майоры Тәлібай Досбергенов те жұмысына тиянақты, қос келген қылмыстық істі көп кешіктірмей ашып, сотқа өткізетін полиция майорын жиындарда талай мақтаған. Алғғыс жариялады. Қаншама аса ауыр қылмыстарды дер кезінде ашқаны үшін талай марапаттарға да ұсынылды. Сол марапаттарды қолын қысып тұрып салтанатты түрде тапсырды. Осылай ықыласына бөленіп жүрген бастығымен өзін шұғыл шақыртты. Қарап отырған қағазын қоя салып, бастығының алдына жетіп барған.

– Полковник мырза! Шақыруыңыз бойынша келіп тұрмын! – деді Сырбай ішкі тәртіппен.

– Сырғабаевтар ісін сен қарап жатырсың ғой, – деді полковник басын көтермеген қалпы.

– Тап солай, полковник мырза!

– Осы істі Шалғынбаевқа өткізі!

– Полковник мырза! Істі бітіріп,

сотқа дайындап та қойдым ғой.

– Онда шаруам жоқ. Бар. Айтқанды істе!

Бастық айтқан соң бас шұғымасқа шара бар ма, бітіріп қойған істі әріптесіне өткізуге мәжбүр болды. Ал, Шалғынбаев «ешқандай қылмыстық құрамның болмауына байланысты» деп істі қысқартып тастады. Мойнында талай адамның қаны бар Айтуар Аюбеков сүттен ақ, судан таза болып уақытша ұстау абақтысынан босап

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz
E-mail: zanreklama@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6408 дана
Апталық таралым 12816 дана
Тапсырыс №973 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31